



ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ:

ҰСТАЗ ҚҰҚЫҒЫ, БАЛА АМАНДЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Елдегі білім саласының басты әрі дәстүрлі басқосуының бірі – тамыз конференциясы биыл да өзекті тақырыптарды күн тәртібіне шығарды. Бұл жиын сала мамандарының басын қосатын кәсіби кеңес қана емес, елдің білім саясатын айқындайтын, алдағы бағыт-бағдарды белгілейтін стратегиялық алаң саналады.

Биылғы конференцияда да қоғам назарындағы өзекті тақырыптар қозғалды. Білім сапасын көтеру, мұғалім мәртебесін арттыру, жана заман талаптарына бейімделген әдістемені енгізу – барлығы да талқылаудың өзегіне айналды. Сонымен қатар оқушыға сапалы білім беру ісінде озық технологияны пайдалану мен инклюзивті білім беру тәжірибесін жетілдіру мәселесі ерекше мәнге ие болды. Тамыз конференциясында айтылған ойлар – жаңа оқу жылының басты бағдаршамы. Сондықтан бұл жиынның әрбір талқылауы мен



ұсынысы ертеңгі білім саясатының нақты қадамдарына айналмақ. Ендеше Мемлекет басшысының қатысуымен Елорда төрінде өткен конференцияда не айтылды, қандай өзгеріс енгізілмек, қарастырайық.

Республикалық жиын биыл «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбына арналды. Конференция жұмысы бірнеше маңызды бағыттарды қамтыды. Соның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру

ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру, болашақ маманға қажетті hard, soft, digital дағдыларды дамыту, әдеп, қауіпсіздік және сапаны ескере отырып, орта білім беруге жасанды интеллектіні енгізу, «Қазақстан бала-

лары» стратегиясын жүзеге асыруда мүдделі органдардың өзара іс-қимылын дамыту талқыланды.

2-бетте



Досбол НҰРЫЛЛА:

ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ, ЖЕТПІС ӨНЕР КӨП ЕМЕС

Өнер мен білім – егіз қанат. Бірі – жүрекке рух сыйласа, бірі – ақылға жарық береді. Жас адамның осынау қос саланы қатар алып жүруі – жеңіл іс емес. Өнер шабытты талап етсе, білім табандылықты қажет етеді. Екеуін тең ұстай білген жан ғана ойы мен сезімін өрнектеп, қоғамға шын мәнінде пайдасын тигізеді.

Досбол Нұрылла – білім мен өнерді қатар алып жүрген жас дарын. Ол үшін математика – мамандық, ал ән – жүрек қалауынан туған хобби. Өннің де, сөздің де құдіретін қатар сезіне білген ол – ақылдың қазығын білімнен, жүректің азығын өнерден тапқан жан. Бір мезетте тақтаға теңдеу жазса, бір мезетте жүрекке әуен қондырып, ұстаздық пен өнерді бір арнаға тоғыстырған жас дарын Досболмен өрбіген сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

5-бетте

ӘР БАЛА – БІР ӘЛЕМ

Бүгінгі қоғамның өркениеттілігін балаларға, әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жасалған қамқорлық арқылы айқындауға болады. Бұл мәселе тек білім беру саласының ғана емес, бүкіл қоғамның әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке деген көзқарасының айнасы іспетті. Қазақстанда инклюзивті білім беру бағыты кейінгі жылдары жүйелі түрде дамып, мемлекеттік деңгейде нақты шаралар қабылдануда. Мұндағы басты мақсат – ерекше қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын қорғап қана қоймай, олардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау.

Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметінше, елімізде ерекше білім беруді қажет ететін 235 мыңнан астам бала бар. Бұл – ел болашағы үшін аса маңызды әрі назардан тыс қалдыруға болмайтын

үлкен сан. Иә, өкінішке қарай, жылдан жылға дамуында ауытқуы бар бала саны артып келеді. Оларға 504 арнайы білім беру ұйымы қызмет көрсетуде, ал балалардың 85%-ына түрлі деңгейде арнайы

психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі.



АТҚА МІНУ – ӨТКЕННІҢ ӨРНЕГІ, БҮГІННІҢ ОЛҚЫЛЫҒЫ

Жылқыға міну – адамзат өркениетінің даму барысына түбегейлі өзгеріс әкелген құбылыс. Ежелгі адам алғаш ат тізгінін қолына алған сәттен бастап, қоғамның қозғалыс мүмкіндігі мен қарқыны күрт артты. Шындығында, жылқыны қолға үйрету арқылы адам баласы мыңдаған жыл бойы ең жылдам көлікке ие болды.



Сурет ашық дереккөзден

Аттың күшімен ұзақ қашықтықты алуға, жаңа өңірлерді игеруге және бұрын мүмкін

болмаған жылдамдықта сауда байланыстарын орнатуға жол ашылды. Жылқыны пайдалану

соғысты да жаңа деңгейге көтерді. Атты әскерлердің пайда болуы әскери тактиканы өзгертіп, халықтардың тарихи тағдырына әсер етті. Ендеше, қазақтың жылқыға қатысты қалыптасқан құндылықтарының даму кезеңдерін көне заманнан бүгінге дейін зерделеп көрейік. Кезінде жылқыны бағындырған қазақ бүгінде неліктен тек темір тұлпарды тізгендеуге қауқарлы? Қазіргі қазақ жастарының басым көпшілігінің атқа міне алмауының себебін анықтасақ.

Әлеуметтік лифті тоқтаған қоғамда адам жетістігінің өлшемі – өзінің білімі мен білігі емес, төрдегі туысының қамқорлығы деп бағаланады. Жастардың тағдырын шешетін қауіпті сүзгіге айналған «Ол кімнің баласы?» деген сұрақ талай дарынның жолын кесіп, тамыр-танысы мықты «төре-тұлғаларды» алға шығаруда.

«ОЛ КІМНІҢ БАЛАСЫ?» ДЕГЕН СҰРАҚ ТАЛАЙ ДАРЫННЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Мысалы, мемлекет ұсынған «Болашақ» стипендиясына емтиханды үздік тапсырып та өте алмаған талапкер кейін өзінен нашар нәтиже көрсеткен бір баланың өтіп кеткенін, оның жоғары лауазымды шенеуніктің баласы болып шыққанын білгенде меритократияның қағаз жүзінде ғана екеніне көз жеткізеді. Расында, шенеунік пен байдың балалары қай жерде де алапат артықшылыққа ие екенін өмір дәлелдеп келеді.

Ендеше, «Ол кімнің баласы?» бүгінде таланттыларды емес, «тәңірі сүйген» тақашпарларды таңдайтын сүзгіге айналған жоқ па деген ащы сұрақ сананы тырнап өтеді.

4-бетте

Басы 1-бетте

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ: ҰСТАЗ ҚҰҚЫҒЫ, БАЛА АМАНДЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

И КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ, КӘСІБИ МАМАН»

ҰСТАЗДАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАНСКАЯ АВГУСТОВСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ УЧИТЕЛЕЙ

АСТАНА - 2025



Ауқымды іс-сараға 1500-ден астам адам қатысты. Конференция аясында «Келешек мектептері», «Абай ұлттық мектебі», «Дарынды балалар – ел мақтанышы», «ТЖКББ-дегі үздік тәжірибелер», «Білім берудегі цифрлық шешімдер» тақырыптарында арнайы көрме ұйымдастырылып, білім беру саласындағы соңғы жетістіктер, соның ішінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізуге арналған экспозициялар таныстырылды. Мұнда заманауи цифрлық құралдар, интерактивті платформалар, әдістемелік әзірлемелер мен тиімді оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері көпшілік назарына ұсынылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиында елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты екенін жеткізді.

– Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Сіздер күнделікті қажырлы еңбектеріңіз арқылы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Жас ұрпақтың бойына білім нәрінен сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп жүрісіздер. Халқымыздың зияткерлік қуатын арттыруға белсене атсалысып жатсыздар. Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқарып жатыр. Ыбырай Алтынсарин «Жақсы оқытушыны бәрінен де қымбат көремін» деген. Елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бәрінен биік болуға тиіс, – деп сөз сөйледі.

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселенің бірі – сапалы кадр даярлау. Ұстаз – қоғамның шамшырағы, жас ұрпақтың тағдырын айқындайтын тұлға. Сондықтан педагогикалық мамандықты тандаған

жастарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау – келешектің кепілі. Президент те бұл бағыттағы нақты шараларға тоқталып, былай деген еді:

«Мұғалімдердің жаңа толқынын даярлау – айрықша маңызды жұмыс. Биыл білім беру саласына 13 мыңнан астам грант бөлінді. Педагог мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің шәкіртақысы бес жылда екі есе көбейді. Жаңа оқу жылынан бастап шәкіртақы 84 мың теңге болады».

Шындығында да, кейінгі жылдары педагогика бағытына бет бұрған білімді де, білікті жастардың қатары артты. Мысалы былтырдың өзінде 1800-ге жуық «Алтын белгі» иегерінің таңдауы ұстаздық жолға түссе, биыл 2 мыңнан астам үздік түлек осы мамандықты таңдаған. Бұл – болашақта білім сапасын арттыруға серпін беретін үлкен әлеует. Демек, алдағы уақытта білім беру жүйесінде «Мәртебелі мұғалім – сапалы білім – бәсекеге қабілетті ұрпақ» деген тізбекті басты қағида ретінде ұстану қажет.

Осы ретте айта кеткен жөн, жақында Президент Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен кездесіп, дарынды оқушыларды марапаттады. Кездесуге 24 лауреат, атап айтқанда, төрт алтын, 11 күміс және тоғыз қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.

Басқосыбарысында Президент «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізуді ұсынып, мұғалімдерді өз міндетінен тыс жұмысқа жегу – заңға

қайшы екенін тағы да ескертті. Алайда жергілікті билік тарапынан мұндай жағдайдың әлі де кездесіп қалатыны жасырын емес. Сондықтан прокуратура органдарының араласуы қажет деген ой айтылды.

Сонымен бірге балаларға қатысты жазатайым оқиғалардың барлығына мұғалімді кінәлау – әділетсіздік. Әсіресе мектептен тыс жерде, ата-аналардың жауапсыздығынан болған оқиға үшін ұстаз жауап бермеуі тиіс. Мәселен, Алматы облысында түлектер арасындағы қайғылы жағдайдан кейін мұғалімдер мен директорге жауапкершілік артылып, жұмыстан шығарылған еді. Осындай тәжірибеден сабақ алып, «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын нақтылайтын өзгерістер енгізу қажет екені айтылды.

Тағы бір өзекті мәселе – мектептегі ас мәзірінің сапасы. Маңғыстауда орын алған оқушылардың жаппай улану оқиғасы білім беру жүйесіндегі бақылау тетіктерін күшейту керегін көрсетті. Сол себепті мектеп асханаларындағы тамақтың сапасын қадағалау Денсаулық сақтау министрлігінің құзырына берілді. Бұл – балалардың денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды қадам.

«Өркениетті ел боламыз десек, ұстаздарға барынша жағдай жасауымыз керек» деген ұранды ұстанатын Қасым-Жомарт Кемелұлының 2019 жылы Президент ретінде қабылдаған алғашқы шешімдердің бірі де осы ұстаздарға қатысты еді. Оның айтуынша, сол жылдан бері білім саласындағы бюджет үш есе артқан. Осы уақыт ішінде 1 миллионнан астам оқушыға 1200 мектеп бой көтерді. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 217 жаңа мектеп салу

жоспарланса, оның 128-і толық салынған. Мұнан бөлек білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен 60-тан астам мектеп тұрғызылып, тағы отызынның құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ педагогтердің әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөлініп отыр.

– Соңғы төрт жылдың ішінде мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Қазіргі таңда 500 мыңнан астам ұстазға үстеме ақы төленеді. Мұғалімдер өз міндетіне кірмейтін артық жұмыстан босатылды. Ұстаздың назары бала оқыту ісінде болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тамыз конференциясында білім берудегі аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстазға мемлекеттік наградалар табысталды. Сонымен қатар жұмысшы мамандықтарының өкілдеріне де құрмет көрсетілді. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев үздік білім беру қызметкерлеріне қоса, жұмысшы мамандықтарының өкілдеріне және білім саласымен тығыз байланыстағы түрлі ұйым қызметкерлеріне марапат табысты. Марапат иелерінің қатарында мектептер мен балабақшалардың техникалық қызметкерлері, сондай-ақ полицейлер, медицина қызметкерлері, құрылысшылар және басқа да мамандар болды.

– Білім беру саласы – балаларымызды тәрбиелейтін орта. Әркім еліміздің болашағын тәрбиелі, кәсіби қызметті етуге өз үлесін қосыуы тиіс. Бұл – тек педагог қауымның ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті, – деп атап өтті өз сөзінде министр Ғани Бейсембаев.

Келесі мәселе бойынша білім беру саласының болашағына қатысты маңызды бағыттардың бірі айқындалды. Енді мектептер мен колледждерде цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін жедел енгізу көзделіп отыр. Бұл қадам оқу сапасын арттырып қана қоймай, білім беру жүйесіндегі теңсіздікті еңсеруге жол ашады.

Қазіргі таңда еліміздегі мектептердің 95 пайызы жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамтылған. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу міндеті қойылып отыр. Бұл – тек инфрақұрылымға қол жеткізу емес, әлеуметтік әділдіктің де кепілі саналады.

Цифрландыру үдерісі ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды білім алуына, инклюзивті ортаны қалыптастыруға да серпін бермек. Сонымен бірге білім беру саласына қатысты көптеген қызмет электронды жүйеге көшірілген. Мәселен, мектепке қабылдау, басқа білім орда-сына ауысу секілді рәсімдер онлайн форматта жүргізіледі. Ал барлық негізгі ақпарат «Bilim» мобилді қызметіне топтастырылып, ата-аналар мен ұстаздарға қолайлы жағдай жасалған.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысының тапсырмасымен мұғалімдер мен оқушылардың қаржылық сауаттылығын көтеруге арналған ауқымды жоба іске қосылды. Бұл бастама бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен «Өрлеу» тренерлері Ұлттық банктің 100 өңірлік филиалының қызметкерлерін заманауи оқыту әдістеріне үйретеді. Бағдарлама коучинг пен фасилитация, топтық жұмыс, ұлттық қаржы жүйесі, инвестиция және қаржыны басқарудың қазіргі тәсілдерін қамтиды. Ал қыркүйектен бастап мектеп пен колледждерде «Жаһандық құзыреттілік» пәнін оқытатын 6 мыңға жуық мұғалім бес күндік курстан өтеді. 2026 жылы тағы шамамен 4 мың педагогты қамту жоспарланған.

Сонымен қатар 1 қыркүйектен бастап еліміздің барлық білім беру ұйымында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске қосылады. Бұл бағдарлама аясында тәрбие жұмысы жаңа форматқа көшпек. Ал жыл соңына дейін «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы қабылданып, оның негізінде жас ұрпақты тәрбиелеудің кешенді жүйесі жүзеге асырылады.

Конференцияда түзетулер, білім саласындағы жаңалықтар мен жаңа бастамалар айтылды. Жаңа оқу жылы ұстаздарға да, ата-аналарға да, билікке де ортақ жауапкершілік жүктейді. Білім жолында айтылған ой мен қабылданған шешімдер құр қағазда қалмай, нақты іске айналуға тиіс.

Әлия ТӘЖІБАЙ

УНИВЕРСИТЕТ ҮШІН РЕКРУТИНГ — ЕРТЕҢГЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Білім беру саласында жоғары оқу орындарының ролі зор. Себебі бұл алаңды барлық мамандық иелерін шығаратын зауыт десек те болады. Жалпы, университеттің басты міндеті – сапалы білім беру, ғылыми ізденісті дамыту және қоғамға пайдалы тұлға тәрбиелеу. Бірақ осы миссияны жүзеге асыру үшін әуелі қабілетті, мақсатшыл студент қажет. Ал ондай жастарды оқу орнына тарту – кейдесіоктық емес, жүйелі еңбекті қажет ететін процесс. Бұл – рекрутинг.

Университеттің тұрақты дамуы үшін жыл сайын жеткілікті көлемде талантты студенттерді қабылдау өте маңызды. Рекрутинг – осы мақсатқа жетудің басты құралы. Белсенді рекрутинг арқылы оқу орындары мектеп бітірушілер мен басқа да үміткерлерді өздеріне тартып, өтініш берушілердің санын арттыра алады. Бұл әсіресе бүгінгі жоғары білім нарығында өзекті, себебі көптеген елде демографиялық өзгерістер мен бәсекелестік әсерінен әрбір студент үшін талас күшейген. Сол себепті университеттер үміткерлермен ерте-рек байланыс орнатып, оқу орнының артықшылықтарын таныстыруға тырысады.

Рекрутингтің нақты нәтижесін сандар арқылы көрсетсек. Мысалы, шетелдік зерттеу барысында университетке қызығушылық білдірген талапкерге оқу орны тарапынан дер кезінде хабарласып, ақпарат

беру оның сол университетке оқуға түсу ықтималдығын 20 есеге дейін арттырған. Бұл дерек белсенді байланыс пен жүйелі жұмыстың үміткерді нақты студентке айналдыруда шешуші екенін айғақтайды. Сонымен бірге рекрутинг – бренд қалыптастыру құралы. Мектептерде, колледждерде таныстырылымдар өткізу, әлеуметтік желідегі мазмұндар арқылы университетті тартымды ету – қабілетті жастарды тартудың басты жолы.

Аймақтағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті де еліміздегі рекрутинг бағытын ерекше дамытқан жоғары оқу орындары қатарында. 2019 жылы жұмысын бастаған рекрутинг бөлімі бүгінде қоғам алдында өздерін мойындатқан. Өз мүмкіншіліктерін ашық түрде түсіндіру арқылы, тіпті профориентация, грантолог бағыттарында шынайы, тегін қызмет көрсету арқылы ата-ана мен талапкерлердің көңілінен шығуда.

– Жыл бойы біз еліміздің әр өңіріндегі мектеп түлектерімен жүздесіп, ҰБТ мен гранттық конкурстың мазмұнына байланысты ақпараттық-танымдық жұмыстар жүргіздік. Себебі біз үшін тек маман тарту емес, ең бастысы, талапкердің болашағына дұрыс бағдар беру маңызды. Көптеген талапкер ҰБТ-дан жоғары балл жинаған соң, кез келген мамандық пен университетке автоматты түрде грантка түсіп кетемін деп ойлайды. Бұл – жиі кездесетін қате түсінік. Себебі гранттар жалпы конкурстан бөлек, нақты бағыттарға бөлінеді. Ол педагогикалық, техникалық, медициналық, тағы басқа. Мәселен, сіз 110 балл жинасаңыз да, егер таңдаған мамандығыңызда грант саны аз, бәсеке жоғары болса, сізден төмен балл жинаған басқа талапкер арнайы квота арқылы грант ұтып кетуі мүмкін. Міне, осы сәтте сарапшы кеңесі, мамандық құрылымын білу, гранттық квоталардың бөлінісі секілді факторлар шешуші рөл ойнайды. Біздің бөлім жыл сайын осы бағытта жұмыс жүргізіп, түлектерге ақпарат емес, түсінік береді. Себебі ақпаратты кез келген жерден табуға болады, ал дұрыс талдау жасау мен бағыт беру – кәсіби тәжірибе ісі, – деді Қорқыт ата

атындағы Қызылорда университеті Рекрутинг және мансап бөлімінің басшысы Асхат Мырзабай.

Биылғы мектеп бітірушілердің мемлекеттік гранттық конкурста қатысуына қолайлы мүмкіндіктер жасалған. Ауыл-аймақтан келуге қиындық туғызатын талапкерді әлеуметтік теңсіздікке ұшыратпай, 5 ауданға кеңес беру, құжат тіркеу бойынша мамандар жіберілген. Нәтижесінде, биыл Қызылорда қаласы мен кейбір аудандарда орналасқан кеңес беру пунктінде 6 мыңға жуық талапкерге нақты бағыт берілген. Олардың таңдаулары, балдары, мамандықтарына қатысты сұрақтары бойынша тегін консультация беріп, көптеген ата-анамен жеке сөйлескен. Осылайша, Қызылорда облысындағы беделді жоғары оқу орнына 1280 талапкер мемлекеттік грантка түсті.

– Таңдау жасауда көпшілік біле бермейтін бір жайт – әр университет өз ішкі шекті балын бекітеді. Мысалы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде дене шынықтыру пәні кемінде 115 балл, ағылшын тілі мұғалімі 80 балл, барлық педагогикалық мамандықтарға 75 балл және басқа мамандықтар кемінде 50 балл қажет, яғни егер талапкер

тест орталығы бекіткен шекті балды жинаса да, біздің университеттің сол мамандығына сәйкес шекті межені жинамаса, ол грантка да, ақылы бөлімге де тапсыра алмайды. Бұл да – ата-ана мен талапкер алдын ала біліп отыруы тиіс мәліметтердің бірі. ҰБТ нәтижесіне қатысты тағы бір маңызды жайт – гранттық конкурстағы бәсекелестіктің күрт артуы. Биыл түлектер саны артқандықтан, жоғары оқу орындарындағы білім беру гранттарына талас та күшейе түсті. Мәселен, топ ондыққа кіретін ең жиі таңдаған мамандықтың көшін бастап тұрған ақпараттық технологияларға 11740 өтініш түсті. Одан кейін дене шынықтыру мұғалімін даярлауға 6003, медицина 4536, шет тілі мұғалімдерін даярлауға 3960 өтініш қабылданды, – деді ол.

Рекрутинг дұрыс жолға қойылса, студент саны артып қана қоймайды, университеттің беделі көтеріледі, халықаралық деңгейде аты танылып, кампусағы академиялық орта жаңа серпін алады.

Азамат САМАТҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы ҚУ,
Рекрутинг және мансап бөлімінің маманы

Басы 1-бетте

ӘР БАЛА – БІР ӘЛЕМ

Саладағы сапалы жетістіктермен бөлісе кетсек. Ең маңызды қадамдардың бірі – алғаш рет ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартының әзірленуі. Бұл стандарт инклюзивті білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, оны біріздендіріп, бүкіл ел бойынша тең дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдау туралы» жаңа заң жобасы әзірленіп жатыр. Ол отбасы мен баланы сүйемелдеуге бағытталған ведомствоаралық тетіктерді қамтып, әрбір балаға кешенді көмек көрсетуді көздейді.

Мемлекет инклюзивті білім беруді жүйелі дамыту үшін арнайы құрылымдар құруға да ден қойып келеді. Нақтырақ айтқанда, қазір үздіксіз инклюзивті білім берудің ұлттық орталығын қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде еліміздегі мектептердің 90%-ында ерекше балалардың білім алуына жағдай жасалды. Бұған қоса, 121 қолдау кабинеті ашылып, балаларға тікелей мектеп қабырғасында психоло-

тады. Аутизмі бар балаларға арналған түзету компоненті мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасына енгізілуі – инклюзивті жүйенің жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Қазақстанда бұл бағытта жұмыстар қарқынды жүріп жатқанына қарамастан, әлі де шешімін күткен мәселе баршылық. Мамандардың жетіспеушілігі, ата-аналарға арналған қолдау жүйесінің толық қалыптаспауы, қоғамдағы қалыптасқан стереотиптер – осы саланың басты түйткілдері.

Инклюзивті білім беру саласында еңбек ету – тек кәсіби білімді ғана емес, үлкен жүрек пен сарқылмас шыдамдылықты қажет етеді. Әрбір баланың ерекшелігіне бейімделу, олардың кішкентай жетістігін үлкен жеңіске балап, үздіксіз қолдау көрсету – кез келген маман үшін ауыр, бірақ аса жауапты міндет. Дегенмен бұл салада кездесетін басты мәселе – маман тапшылығы. Арнайы педагог, дефектолог, логопед пен психологтың жетіспеушілігі жүйенің толыққанды дамуына кедергі болып отыр. Ал бар мамандардың иығына түсетін жүктің ауырлығы кейде олардың кәсіби қажуына алып келеді. Оның үстіне,

мастан қатарластарымен бірге білім алып, өзін сол ортаның бір бөлігі ретінде сезінуі. Баланың бойында қандай да бір ерекшелік бар ма, жоқ па – ол маңызды емес. Маңыздысы – оның оқып-үйреніп, қарым-қатынас жасап, кішкентай да болса жеңістеріне қуана білуі. Инклюзивті білім берудің миссиясы да осы: балаларға өз «супер қабілеттерін» ашуға мүмкіндік беру, ал ересектерге төзімділік пен сабырды, тіпті кейде өмірге жеңіл қарай білуді үйрету.

Біздің елде жүйе біртіндеп дамып келеді. Дегенмен көп жағдайда «қағаз жүзінде бәрі жақсы» көрінеді, ал тәжірибеде мамандардың тапшылығы, материалдық ресурстардың жеткіліксіздігі секілді кедергілер әлі де бар екені қынжылтады.

Ерекше қажеттілігі бар баланың ата-анасы ең алдымен нені білуі керек? Ата-аналардың көбіне қандай қателік жіберетіні және оны болдырмау жолдары туралы айтып беріңізші.

– Әуелі ата-ана өз баласын сол қалпында қабылдауы керек. Бұл – басты шарт. Көп жағдайда ата-ана баласын басқа балалармен салыстырады немесе «бәрі сияқты» болсын деп талап қояды. Осындай ерекет баланың ынтасын төмендетіп, сенімін жоғалтады.

Мен баланың әрбір кішкентай жетістігін байқай білуге, оны қолдауға, бірге қуана алуға кеңес берер едім. Ең маңыздысы – ата-ана ешқашан жалғыз қалмауы керек. Мамандардан көмек сұраудан ұялмау, кеңес алып отыру – баланың да, ата-ананың да дамуына үлкен серпін береді.

Осы тұста ата-аналарға қолдау көрсету жүйесіне тоқтала кетсек. Жүйе қаншалықты жолға қойылған? Қандай жаңа бастамалар қажет деп ойлайсыз?

– Иә, ата-аналарды қолдауға арналған жүйе бар, бірақ ол әлі толыққанды жұмыс істемейді. Кейде бұл жүйе «пайдалы заттар бар шкафқа» ұқсайды. Бәрі бар сияқты, бірақ керегін табу қиын. Ата-аналарға нақты әрі қолжетімді ақпарат, мамандардың кеңесі, үй жағдайында жасауға болатын қарапайым жаттығулар жетіспейді.

Осы бағытта онлайн-консультациялар ұйымдастыру, ата-аналарға арналған қолдау топтарын құру және баршаға қолжетімді бағдарламаларды іске қосу қажет. Бұл тек ата-ананың емес, бүкіл отбасының жағдайын жеңілдетер еді.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды қоғамға бейімдеуде мектептің, мұғалімдердің рөлі қандай? Қандай өзгеріс қажет?

– Мұғалімдер – бейбіт күннің батырлары. Олар балаларды оқыту ғана емес, бір-бірін түсінуге, өз сезімін жеткізуге, өзгеге құрметпен қарауға үйретеді.

Бірақ бұл үшін мұғалімдерге арнайы дайындық қажет. Адаптацияланған бағдарламалар, жеке тәсілдер мен қосымша қолдау құралдары енгізілсе жақсы болар еді. Егер осы өзгерістер жүзеге аспаса, тіпті ең талантты бала да өз әлеуетін толық аша алмай, ортада тұйықталып қалуы неғайбыл.

– Қоғамда инклюзивті білім беруге қатысты стереотип аз емес. Осы көзқарастардың балаларға әсері жайлы тарқата кетсеңіз.

– Өкінішке қарай, әлі күнге дейін «ол оқи алмайды», «ол кедергі болады» деген секілді сөздер жиі айтылады. Мұндай пікірлер балаларға өте ауыр тиеді. Бала өзін басқаша сезініп, сенімін жоғалтады. Сондықтан ең алдымен ересектердің ой-санасын өзгерту маңызды. Ал балалар өздері ересектерден көргенді тез қабылдайды. Егер үлкендер түсіністік танытып, қолдау білдірсе, балалар да еш қиындықсыз бірге ойнап, бірге оқи беретініне сенімдімін.

– Шетел тәжірибесінде инклюзияны дамытуда бізге үлгі боларлықтай қандай әдістер бар? Соларды Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкін бе?

– Әлемде көптеген тиімді әдіс бар. Мысалы, ерте араласу бағдарламалары, «Floortime» әдісі, сенсомоторлық тәсілдер кеңінен қолданылады. Бұл тәжірибелерді Қазақстанға бейімдеуге әбден болады. Бірақ бастысы – оларды сол күйінде көшіру емес, біздің қоғамның жағдайына, балалардың ерекшелігіне сай икемдеу. Мемлекеттің қолдауы, мамандардың кәсіби дайындығы болса, бұл әдістердің барлығы сәтті енгізілер еді.

Ерекше балалармен жұмыс істеп жүріп, өзіңізге қанат бітірген, есіңізде ерекше қалған бір сәтпен бөлісіп өтсеңіз.

– Әрбір кішкентай жетістік мен үшін үлкен қуаныш. Мысалы, бірде аутизмді бар бала мені алғаш рет атыммен атады. Бұл сәтті мен біраз күттім. Сол кезде жүрегім елжіреп, көзіме жас келді. Анасының да қуанышында шек болмады. Осындай сәттер – менің жұмысымның ең үлкен сыйы. Олар күш-қуат беріп, алға жетелейді.

– Инклюзивті білім беру – тек мамандық емес, үлкен жүрек пен шыдамдылықты талап етеді. Бұл



сала сізге қандай өмірлік сабақ болды?

– Мен бұл салаға балаларға мүмкіндік беру үшін келдім. Бұрын дамуында кешеуілгі бар балалармен жұмыс істесем, қазір аутизмді бар балалармен көбірек жұмыс істеймін. Бұл мүлде басқа әлем. Мұнда әр балаға бейімделіп, оның көңіл-күйіне қарай икемделу қажет. Кейде күтпеген мінез-құлық, ата-аналардың түрлі талабы, өзінің де шаршайтын сәттерін болады. Бірақ баланың әрбір шағын жетістігі кішкентай мереке іспеттес.

Мен үшін бұл мамандық жай ғана жұмыс емес, балалар мен олардың отбасыларының өмірін жақсы жаққа өзгертетін мүмкіндік. Осы жолда мен шыдамды болуды, баланың көзімен әлемге қарауды, әрбір кішкентай қадамды бағалауды үйрендім. Ең бастысы – өмірде бәрін бақылауда ұстау мүмкін емес екенін түсіндім. Кейде балаға күліп қарау, бірге ойнау, бірге шаттану – ең үлкен ем.

– Өңірімізге рақмет!

Тілші түйіні. Иә, мемлекет қолға алған жаңа заңдар мен бағдарламалар жолды айқындап бергенімен, алға жетелейтін негізгі күш – адамдардың көзқарасы, түсінігі және жүрек жылуы екенін ұмытпауымыз керек. Әр бала – қоғамның мүшесі хәм әрбірінің алар орны бар. Әрбір мектепте ашылған қолдау кабинеті мен әр маманның еңбегі тек ресми дерек емес, мыңдаған баланың тағдырына әсер ететін үлкен мүмкіндік. Бұл еңбектің қаншалықты қажырлы екені осы сала мамандарына ғана аян. Ал біз өз ретінде, инклюзияны дамыту арқылы біз тек балаларға тең жағдай жасап қана қоймай, болашақ қоғамның меірімді, әділетті әрі шыдамды болуына сеп болайық.



гиялық-педагогикалық көмек көрсету мүмкіндігі кеңейді.

Еліміздің 11 өңірінде ерте қолдау кабинеттері ашылып, дамуында ерекшеліктері бар балаларға мектепке дейінгі кезеңнен бастап көмек көрсету жүйесі жолға қойылды. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру да назардан тыс қалған жоқ. 2024 жылы 10 мыңнан астам педагог инклюзивті білім беру бойынша курстардан өтті. Бұл қадам балаларды тек қамқорлыққа алу ғана емес, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталғанын айқындайды.

Сонымен қатар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар мен оңалту орталықтарының қызметі кеңейтіліп, аутизм спектрі бұзылған балаларға қолдау көрсететін арнайы орталықтар жұмыс істей бас-

әр бала әртүрлі болып келеді, яғни әрқайсысына ерекше тәсіл қажет. Ол үшін маманның саны емес, сапасын арттыру мәселесін көтеру керек. Сондықтан мемлекет деңгейіндегі бастамалармен қатар, мамандарды даярлау мен қолдау жүйесін күшейту – уақыт талабы.

Осы орайда инклюзивті білім беру саласында тәжірибесі мол маман, ерекше балалармен тікелей жұмыс істеп жүрген Гүлнара Байкувановамен осы мәселелер төңірегінде әңгімелесудің сәті түсіп, сұхбат құрып қайттық.

– Инклюзивті білім беруді қалай түсіндіресіз? Оның негізгі мақсаты мен миссиясы қандай? Біздің елдегі жүйенің қай тұсы әлі де ақсап тұр?

– Мен үшін инклюзия дегеніміз – әрбір баланың ерекшелігіне қара-

БАЛАЛАРДЫҢ ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Аймақта балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді шаралар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Облыс аумағында жыл басынан бері бірнеше жедел-профилактикалық іс-шара ұйымдастырылып, жол қозғалысына қатысушылар арасында кең көлемді түсіндіру жұмыстары атқарылды. «Қауіпсіз жол», «Тасымалдаушы», «Мотокөлік», «Абайлаңыз, балалар!» атты акциялар кезінде тәртіп сақшылары жүргізушілердің көлікті басқару ережелерін қадағалап қана қоймай, тұрғындарға жолдағы жауапкершілік жөнінде жан-жақты түсінік берді.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешов мәлімдеді. Оның айтуынша, балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу – Ішкі істер органдарының жұмысының ең басты міндеттерінің бірі болып отыр.

– Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қоғам алдындағы ортақ жауапкершілік. Әсіресе балалардың өмірін қорғау біз үшін басым бағыт. Осы мақсатта жыл басынан бері облыс

көлемінде түрлі профилактикалық іс-шара тұрақты түрде өткізіліп келеді. Мәселен, тамыздың 11-13 күндері аралығында «Балабақша» жедел-профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылды. Оның басты мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды тасымалдаудың қауіпсіздігін арттыру және жүргізушілердің тәртіп деңгейін бақылау болды, – деді Рауан Қырымұлы.

Шара барысында тәртіп сақшылары балабақша басшыларымен кездесіп, балаларды тасымалдауға арналған көліктердің техникалық



жағдайын мұқият тексерді. Сондай-ақ жүргізушілердің құжаттарының дұрыстығына, қауіпсіздік белдіктерінің жұмыс істеуіне, арнайы белгі мен жарық құрылғыларының талапқа сай болуына ерекше назар аударылды. Нәтижесінде 305 жүргізушіге түрлі әкімшілік шара қолданылып, олардың арасында көлік құралын ақаумен басқарғандар мен балаларды қауіпсіздік талаптарын сақтамай тасымалдағандар анықталды.

Бұдан бөлек, ата-аналарға балалардың жолдағы қауіпсіздігі жөнінде арнайы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Полицейлер ата-аналарға баланы жолға жалғыз шығармау, көлікке мінгізгенде міндетті түрде белдігін тағу және жаю жүргінші жолынан өту ережелерін үйретіп отыру қажеттігін ескертті. Ал балабақша тәрбиешілеріне балаларды тек ата-анасына немесе ресми уәкілетті ересек адамға ғана тапсыру жөнінде қатаң нұсқау берілді.

Мамандардың айтуынша, баланың жолдағы қауіпсіздігі тек полицияның немесе педагогтардың ғана емес, ең алдымен ата-ананың жауапкершілігіне байланысты. «Бала көргенін қайталайды» деген қағиданы естен шығармаған жөн. Егер ересектер жолда ережені сақтап жүрсе, балалар да соны үйренеді. Ал тәртіп бұзуды әдетке айналдырған ата-аналар керісінше өз баласының өміріне қауіп төндіреді.

Осыған орай облыстық Полиция департаменті тұрғындарды балалардың жолдағы қауіпсіздігіне бейжай қарамауға шақырады. Әрбір ата-ана мен әрбір жүргізуші бұл мәселеге мұқият қарап, заң талаптарын қатаң сақтауы қажет. Баланың өмірі мен денсаулығын сақтау – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Полиция департаментінің басшылығы бұл бағыттағы жұмыстардың қатаң бақылауда болатынын мәлімдеді. Алдағы уақытта да мұндай іс-шаралар жалғасын тауып, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар тұрақты түрде жүргізілімек.

«ОЛ КІМНІҢ БАЛАСЫ?» ДЕГЕН СҰРАҚ ТАЛАЙ ДАРЫННЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Басы 1-бетте

Непотизмнің көлеңкесі

Сізге алғашқыда непотизм термині таңсық болуы мүмкін, бірақ мағынасын білгенде жемқорлық жүйенің астарлы көлеңкесі екенін бірден байқайсыз. Ол сөздің мағынасы – туған-туысты жұмысқа алу, ағайынгершілікті алдыңғы орынға қою.

Мемлекет меритократия принциптерін қанша дәріптегенімен, іс жүзінде кадрлық көтерілудің килті – таныс пен тамырда екенін біліп келеміз. Жұмысқа орналасу, мансап баспалдағымен өрлеу көп жерде ашық бәсеке арқылы емес, бейресми байланыс арқылы шешілетіні құпия емес. Зерттеулерге сүйенсек, талапкердің кәсіби біліктілігіне қарамастан туыстары мен достарын қызметке тарту, яғни непотизм, қоғамда кеңінен тараған құбылыс ретінде атап өтіледі. Бір қарағанда, бұл да жемқорлықтың бір түрі екенін ұмытпай кетеміз. Қазақстан қоғамында «блат, протекционизм, непотизм, таныстық арқылы көмек» секілді құбылыстарды көпшілік тіпті жемқорлық деп те санамайды екен.

Дегенмен, осындай көзжұмбақтық елдің дамуын тежеп, көлеңке түсіріп тұр. Таныспен ғана кіретін орындар туралы жұрттың айтатыны шындыққа жанасады. Әкімдіктер, мемлекеттік құрылымдар мен ұлттық компанияларда қызметке тұру үшін көп жағдайда «өз адамыңның» болуы шешуші рөл атқарады. Жүйеде жариялы түрде «меритократия» ұстанымы айтылғанымен, талай жерде ол тек сөз жүзінде. Мысалы, заң саласында оқыған бір жас маман институттағы білімінің шынайы өмірде керек емес екенін, себебі «қылмыстық құқық саласында бәрін заңдық білім емес, тамыр-таныстық пен «келісім» шешетінін» өз көзімен көріп, оқуды тастап кеткенін айтады. Сол сияқты, мемлекеттік гранттар, медиакеністік, тіпті шығармашылық салаларда да «кімнің адамысың?» деген сұрақсыз алға басу қиын дейтін түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, меритократия принципі құжат жүзінде қалса, ұлттың адал еңбекке деген сенімі жоғалады.

Талай дарынның сағы сынып, тауы шағылды

Жас өркеннің арасында өз күшімен жетістікке жетемін деп ұмтылғандары көп. Солардың бірі – университетті үздік бітірген, үш тіл меңгерген, студенттік жылдары еріктілікпен айналысқан алғыр жас делік. Алайда қолына дипломын алып, үлкен үмітпен еңбек нарығына келгенде, оның жолын тосқан тосқауыл – сұрыптаудың астыртын сұрағы болды. Жұмыс сұрап барған әр есікте оған ашық айтпаса да, «жеке танысыңыз бар ма?» деген сынайдағы талапты сезінеді. Күндіз-түні оқыған еңбегінің, жинаған білімінің құны кенет бір-ақ сұрақпен жоққа шыққандай күй кешеді.

– Мен оқыдым. Жаттадым. Жұмыс сұрадым. Бірақ «танысың бар ма?» деген бір-ақ сұрақ менің бүкіл еңбегімді жоққа шығарды. Негізі мемлекеттегі осы қатаң стереотипті бұзатын заман алыс-ау. Жемқорлықты жеңетін тек жалғыз амал бар, ол қазіргі буынды дұрыс тәрбиелеп,

болашақта сыбайластыққа жоламайтындай кейіпкер шығару. Арман алыста сияқты, бірақ үміт үзілмек емес – деп күйінеді талабы таудай Ерасыл.

Бұл – жүйеден түңіліп, бірақ бәрібір арманы үшін алысуға бекінген көптеген қазақ жасының жанайқайы. Өкінішке қарай, мұндай жалғыздың үні елеусіз қалуда. Мектептен соң елдің маңдайалды университетін тәмамдап, заңгер дипломын алған досының ақыры тек дүкенге сатушы болып жұмысқа тұрғанын, өзі танитын он жас маманның тоғызы мүлде мамандықсыз істер істеуге мәжбүр болғанын қынжыла жеткізді Ерасыл. Демек, қоғамда ешкімге жанаспай өз күшімен жетілсең де, «ешкімнің баласы» атансаң, тең дәрежеде бәсекеге түсуің екіталай. Бұл сұрықсыз ақиқатты мойындаған кей талантты жастар амалсыз өз бизнесін ашып тырбанады, не мамандығын тәрк етіп, күнкөрістің кез келген қара жұмысын істеп кетеді. Ал бұдан жүйе ұта ма, ұтыла ма – ол басқа сұрақ.

Қабілетті маргинал мен құырсыз элита

«Жүйе шын мықтыларды неге шетке ысырды?» деген сұрақ сананызды ғана сыздатпайды. Бүгін мемлекеттің болашағына балта шабады. Тамыр-таныстық пен туысқа тартып, тек өз айналасын өсірудің залалы қоғамда әлдеқашан сезіліп келеді. Ең алдымен, қабілетті жастардың күйзелісі мен эмиграциясы үлкен қауіп болып тұр. Жас ұрпақтың білімді буыны әділ бағаланбай, жолы кесілген соң, өзге ортадан бақ іздеуге бейім. Ресми дерек бойынша, Қазақстандағы 14-29 жас аралығындағы азаматтардың 40 пайыздан астамы елден кеткісі келеді деген зерттеулерді көзіміз шалды. Олардың бір себебі – тамыр-таныс арқылы ғана жұмысқа орналасып, мансап құрудың қиындығы екен. Назарбаев зияткерлік мектебінің түлегі, бүгінде шетелде қызмет етіп жүрген 21 жастағы Әлібек мұны растай түседі.

– Біздің ел трайбализм былығына әбден батқан ғой. Мен үшін ең бастысы, бәрі әділ болғаны керек, трайбализм, тамыр-таныстық деген дүниелерге тап болғым келмейді, – дейді ол Қазақстанда қалып жұмыс істемеуінің себебін түсіндіріп.

Демек, жүздеген білімді, алғыр ұл-қыздарымыз мемлекетте әділетсіздік белең алғандықтан, өз болашағын шетелде елестетеді. 2017 жылғы жастар зерттеуінде респонденттердің 5,8%-ы Қазақстанда туыстық байланыстарды пайдаланбай, әділ өрлеуге мүмкіндік жоқ деп санайтынын ашық айтқан. Бұл аз пайыз емес, өйткені ол ең талантты, потенциалы жоғары жастардың үлесі болуы әбден мүмкін.

Іште қалғандарының өзі жүйеге сыймай, шетке қағылған «маргинал» қабілеттілердің көбейгені қоғам үшін үлкен шығын. Ресми статистикаға көз салсақ, қазіргі Қазақстанда шамамен 400 мың жас не оқымайды, не жұмыс істемейді. Яғни әр оныншы жас адам осындай күйге түскен. Бұл – екі бірдей облыс орталығының халқына тең көрсеткіш. Мына жайды елестетіңіз, қаншама

мұғалім, дәрігер, инженер немесе өнертапқыш болар жастың орнына, бізде 400 мың жұмыссыз немесе бейресми күнелтуші жүр. Осы адам капиталын жоғалту экономикаға да, қоғамның рухани тынысына да аса зор зиян. Ал олардың орнын көп жағдайда не толтырады? Өкінішке қарай, босаған кеңістікке туыскандық-тамырлық топтардан шыққан, бірақ қабілеті орташа немесе төмен кадрлар келе береді. Осындай құырсыз «элитаның» шешім қабылдауының деңгейі қалай болмақ? Әрине, мұның салдары басқару сапасының төмендеуі, шешімдердің тиімсіздігі, тіпті ұлттық қауіпсіздікке төнер қатерге кеп тіреледі. Мысалы, сын сәтте шұғыл әрі оң шешім қабылдау үшін біліктілік пен тәжірибе керек, ал қызметке таныстықпен ғана келген адамда ондай қасиет кемшін болуы ықтимал. Білім беру сапасы да осындай кадрлардың үстемдігі кесірінен ақсайды – жас ұрпақ нағыз мамандардан тәлім алудың орнына көкесі арқылы келген көкесінен тәлім алса, ертеңгі күні не ұтпақ? Ең сорақысы – қоғамның әділетке, жүйенің тазалығына деген сенімі жоғалып, түңіле бастайды. Ал үмітсіздік жайлаған жерде даму, прогресс қайдан болсын?!

Меритократия мүмкін бе?

Жалғандық пен тамыр-таныстыққа қарсы тұрып, өз еңбегімен елге танылған жастар да жоқ емес. Сан қиындыққа қарамастан, ешкімнің көмегіңіз өскен өрендер әр салада кездеседі. Мысалы, шетелде білім алып, озық компанияда жұмыс істеп жүрген кейбір жас туған жеріне оралып, өзі ешкімнің «баласы» болмаса да, білімі мен білігін көрсете бастаған үлгісі бар. Спортта, өнерде, ғылым мен технологияда тек дарынымен танылған жастарды да білеміз, олардың жетістігіне бүкіл қазақ қуанады. Бұл – «аты-жөні емес, ісі сөйлегеннің» бір мысалы. Ең бастысы, осындай өз күшімен жетістікке жеткендерді көпшілік қолдап, үлгі етеді.

Қазіргі кезде мемлекеттің өзі де меритократияны дамытуға талпыныс жасап отыр. Мәселен, жоғары билікте туыскандық

байланысқа шектеу қойылды. Президент Тоқаев «институционалдық непотизм» дәуірі аяқталғанын мәлімдеп, енді мемлекет басшысының жақын туыстары үшін жоғары мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік секторда басшылық қызметтерге жол жабық екенін заң жүзінде бекітті. Бұған дейін бірінші президенттің отбасы мүшелері ұлттық экономикаға елеулі ықпал ететін құрылымдар – «Атамекен» ҰКП, ҰҚК, «ҚазТрансОйл», «QazaqGaz» сияқты мекемелерді билеп-төстесе, жаңа саясат бойынша мұндай отбасылық монополияға тосқауыл қойылмақ. Бұл бастаманы қоғам меритократия жолындағы маңызды қадам деп бағалады.

Сондай-ақ жеке секторда да «кімнің баласы?» емес, «не істей аласың?» деген принципті ұстанатындар көбейіп келеді. Шетелдік инвесторлар қатысатын компанияларда жұмысқа қабылдау көбіне ашық конкурспен жүреді, талапкердің туыстық байланысы емес, қабілеті негізгі таразы болады. Ірі халықаралық мұнай-газ жобаларында немесе қаржы институттарында меритократия қағидалары мықтырақ екені байқалады. Ондағы кадрлық саясат таныссыз да таланттыларға жол ашады. Бір қызығы, Еуропада да тамыр-таныстық арқылы жұмыс табу бар дүние, бірақ оның сипаты бізден бөлек. Испанияда шарап өндірісі саласында жұмыс істеген қазақ қызы Екатерина Брицкая жергілікті тәжірибені айтқан еді. Ол жақта да бос орын туралы ақпарат көбіне таныстар арқылы тарайды екен, бірақ «дәулетті отбасының балаларын тәжірибе мен білімсіз отбасылық компанияда жоғары қызметке тағайындамайды» дейді. Яғни, сырттай қарағанда, байланыс пен біліс арқылы кіруге болатын жерлер бар, бірақ ешкімге «көкесінің баласы» екені үшін ғана лауазым ұстата салмайды – міндетті түрде өз еңбегімен төменнен бастап шыңдалып келуі керек. Біздің елде де осы үрдіс тамыр жайса игі. Шын дарындыларға жол ашатын, артықшылықты атақ-лауазымға емес, қабілетке сүйенетін орта қалыптасуы қажет. Қай саланы алсақ та, мемлекеттік қызмет болсын, жеке кәсіпорын не білім-ғылым болсын – «таныс болса, өтер» деген кертартпа түсінік жойылып, ашықтық пен әділдік салтанат құрғанда ғана Қазақстан нығая түспек. Ол ойымызды қоғамдық даму саласындағы жас зерттеуші Аружан Омар да нықтады.

– Меритократия – бұл арман емес, дұрыс жүйе құрылған қоғамда ол – табиғи заңдылыққа айналуы тиіс. Жастардың жолын атак пен ауқат емес, адал еңбек пен білім ашуы керек. Қазір біз өтпелі кезеңде тұрмыз, бір жағынан ескі таптаурындар әлі жойылған жоқ, екінші жағынан жаңа буын өзінің құқығы мен мүмкіндігін жақсы түсініп келеді. Ендігі мәселе сол үміт пен әлеуетке әділ орта қалыптастыру. Егер біз «Ол кімнің баласы?» емес, «Бұл не істей алады?» деген сұрақты бірінші қоятын қоғам болсақ, нағыз дамуға бет түзейміз, – деді ол.

Тілші түйіні. Рас, таныстыққа сүйенген жүйе – уақытша, ал меритократияға негізделген жүйе – мәңгілік. Бүгін жұрттан бұрын өз туысын сүйрегендер уақыт өте өзі қазған орға түседі. Қабілетсіз кадр қоғамды кері тартып, ақыры жалпы жұртқа зиянын тигізеді. Сондықтан нағыз мемлекетшілдік – жеке бақай есепті жиып қойып, лайықтыға жол беру. Өкінішке қарай, біз көп жылдан бері «өзім», «өзімнің балаларым» деген тар түсінікпен келдік. Егер рас өзгеріс, жанару керек десек, ең алдымен осындай қоғамдық дертті емдеуіміз қажет. Талантты, адал, еңбеккер жасты шеттету – ұлттың келешегін өшірумен тең қасірет. Жас ұрпақтың өркеніеті елде өгейсімей, өз Отанында өсуіне жағдай жасау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Ердәулет ҚАЛИЕВ,
журналист



Досбол НҰРЫЛЛА:

ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ, ЖЕТПІС ӨНЕР КӨП ЕМЕС

Басы 1-бетте

– Әңгімемізді бала күніңізден бастайықшы. Отбасыңызда өнерге жақын жандар бар ма? Ақындық қанмен келген қасиет пе, әлде қызығушылық пен ізденістен пайда болды ма?

– Отбасымда үш ағайындымыз. Екі қарындасым бар, өзім үйдің үлкенімін. Өкемде де, Нұрылла атамда да ақындық қасиет бар. Сол қасиет маған қанмен берілді деп ойлаймын. Бала кезден сөзге, өлеңге бейім болып өстім. Бірақ қанмен келгеннің өзі бір бөлек, оны шындап, заман талабына сай дамыту бір бөлек. Қазақ «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демей ме. Біз де замандастарымызға кейінгі ұрпаққа да туындымыз жетсе екен деген мақсатпен қалам тербеп келеміз.

– Халық бүгінде сізді хит әндердің орындаушысы ретінде таниды. Алайда талай әншінің бағын ашқан хит әндердің авторы ретінде біле бермейтіні анық. Осы жайлы өз аузыңыздан естісек. Қанша әнге сөз жазып, қандай әншілермен жұмыс істедіңіз?

– Ән, әнге мәтін жазып келе жатқаным 4-5 жылдың көлемі болды. Осы жылдардың ішінде шамамен 250-ге жуық әнге сөз жаздым. Эстрадада жүрген әншілердің 70 пайызына мәтін жазып бергенмін. Бүгінде сан түрлі ортада, той-томалақта, кештерде, іс-шараларда, радио-телеарналарда шырықалып жүр.

Орындаушы әншілер қатарында Жандос Қаржаубай, Әлімжан Кеңес, Төреғали Төреәлі, Әділет Жауғашар, Мәлік Жамбылұлы, Есен Жүсіпов,



Алмасхан Насыров, Нұрбай Атамұрат, Мейіржан Бақытбек және басқа да көптеген өнерпаз бар.

– Білуімізше өнерден бөлек, басты бағытыңыз білім саласы. Шәкірт тәрбиелей жүріп шығармашылыққа уақыт табу қиын емес пе?

– Иә, білім алған салам – математика пәнінің мұғалімі. ЖОО-ны тәмамдап, қазіргі уақытта ұстазбын. Бүгінде жоғарғы сыныптарға алгебра, геометрия пәнінен сабақ беремін. Уақытты үйлестіру шынында оңай емес. Кедергіге кездесетін уақыт болады. Дегенмен ынта болса, бәріне үлгеруге болады. Мектептен кешкі жетіде шығып, сегіз жарымда студияға жазылып, түнгі сағат онда бейнеклип түсірген кездерім болды. Әлі де солай барлығына үлгеруге тырысып келе жатырмын. Негізі, сан мен сөздің арасы алыс емес. Математикада есеп-қисап, дәлдік бар. Әнге мәтін жазғанда да белгілі бір ырғақ пен буынға бағыну керек. Әуеннің иірімін ескеріп, сөзді өлшеп-пішпей жаза салсаң, тыңдарманға өтімді дүние шықпайды. Сондықтан мен үшін математикалық ойлау жүйесі шығармашылықта да көмектеседі.

– Өлең жазу мен әнге сөз жазудың айырмашылығы бар ма? Осы жөнінде ойыңызбен бөліссеніз.

– Ақынның бәрі бірдей әнге сөз жаза алмайды. Өлең жазғанда еркін, ойды қалағаныңша өрнектейсін. Шумаққа шектеу жоқ, буын санын да ақын өзі

шешеді. Ал әнге мәтін жазу – мүлде басқа дүние, бәрі буынға, ырғаққа тәуелді. Музыканың мазмұнын ашып, әуеннің иіріміне сай жыр тоғу керек. Ән мен сөз үйлесім тапқанда ғана тыңдарман жүрегіне жетеді.

– «Жігітке жеті өнер де аз» дейді қазақ. Сізді спортқа да жақын деп естиміз. Досболдың біз білмейтін тағы қандай қырлары бар?

– Иә, жігітке жеті өнер де аз, жетпіс өнер көп емес. Өзімнің өмірлік ұстанымым да осы. Тазквондодан және үстел теннисінен «спорт шеберіне» үміткермін. Республикалық жарыстарда жүлделі орындарға қол жеткіздім. Сан түрлі спортта төбе көрсетіп келеміз. Дегенмен оқушы кезімде де, кейін мұғалімдер арасында да осы спорт түрлерінен жоғары нәтижелерге жеттім.

Спорт та, өнер де – тәртіп пен төзімділікті талап етеді. Жалпы қай салада да белсенді болуға тырысамын.

– Өнерде табысты болу үшін маңыздысы талант па, әлде еңбек пе?

– Бір пайыз талант болса, тоқсан тоғыз пайыз еңбек қажет. Жастық шақ – жарқырап, өзінді танытатын ең үлкен мүмкіндік. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланған дұрыс. Бүгінде қаншама өнер иесі бар, бірақ дер кезінде еңбек етпеген соң олардың көпшілігі көрінбей қалады. Мүмкіндіктерден құр қалып жүр.

Табиғат сыйлаған дарыныңыз болса, оны шындамасаңыз, уақыт өте сол жарығыңыз сөніп қалуы әбден мүмкін. Шын мәнінде, өнер жолында да, ғылым-білімде де тек қана талпыныс пен еңбек адамды биікке жетелейді. Көпшілік сахнада жарқыраған сәтті көреді, бірақ сол сәттің артында күн-түн демей ізденіс пен тынымсыз еңбектің тұрғанын біле бермейді. Еңбекпен келген жетістік қана баянды. Демек, табандылық танытқан әрбір жанның бағы жанатынын қайталап айтқым келеді.

– Көңіліңізді толқытқан тыңдарманнан келген хат немесе сыйлықтар болды ма?

– Кәсіпкерлер қымбат сағат, костюм-шалбарлар сыйлаған кездер болды. Тіпті ат мінізгендер де бар. Тыңдарман ықыласы – ең үлкен баға. «Халық айтса, қалып айтпайды». Әр сыйлықтың орны бөлек, дегенмен ішінде ерекше есте қалғаны жайлы

айтайын. Жуырда ғана Арал ауданында жастар күніне орай орталық алаңда кеш өтті. Сахнадан түсіп бара жатқанымда кішкентай қыз соңымнан «ағалап» жүгіріп келеді екен. Шамамен 6-7 жастағы қыз «аға, бұл сізге жасаған сыйлығым» деп қонжық ұсынды. Қонжыққа есімімді арнайы жаздырған екен. Сәби жүрекпен, тап-таза ниетпен сыйланған бұл сыйлық көпке дейін көңілімді толқытты.

– Бүгінде өз орындауыңызда қанша ән жарық көрді?

– Әннің нақты санын айта алмаймын. Дегенмен, тыңдарман жүрегіне жол тапқан туындыларым аз емес. Соның ішінде әлеуметтік желілерде кеңінен таралып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген «Қайдағы махаббат», «Қызғалдақ» сияқты әндерім бар. Бұл әндер әрбір тыңдарманның көңілі-күйін көтеріп, тынысын ашып жүр десе артық емес.

Жуырда ғана барлық музыкалық платформаларда жарық көрген «Ертегі» атты жаңа әнім аз уақыт ішінде-ақ тыңдарманын тауып, ютуб арнада 1,5 миллион қаралым жинап, көш бас-тап тұр. Мұндай көрсеткіш – маған берілген ерекше қуат пен жаңа серпін. Әрбір шығарманың қабылдануы, халық жүрегінен орын табуы – нағыз шабыттың қайнар көзі.

Ал соңғы жаңалығым – бар болғаны бір апта бұрын ғана тыңдарманға жол тартқан «Егіз махаббат» атты туындым. Қазіргі таңда ол да өз тыңдарманын тауып, қаралымы күн санап артып келеді. Тыңдарманның ықыласы мен қолдауы – мен үшін ең үлкен жетістік, ең қымбат баға.

Әрине, аталғандардан бөлек те туындыларым жетерлік. Әр әннің өз тағдыры, өз тыңдарманы бар. Уақытына қарай әрқайсысы халыққа жол тартып, ойдағы жоспар орындалуда. Өнер жолында ешбір еңбек зая кетпейді, әр туынды – жүректен шыққан шынайы сыр, ал ол шындық түбінде өз бағасын алады. Барлығы үшін шүкір деймін.

– Болашақта қай әншімен бірлесіп жұмыс істегіңіз келеді?

– Дуэт орындау әзірге жоспарда жоқ. Десе де сырттан ұсыныстар түсіп қалуы әбден мүмкін. Бұйырса бас тартпаймын. Жұмыс істеуге әзірмін.

– Сұхбат үшін алғыс!

Өзбекстан астанасында «Жастар – болашақ жасампаздары» атты IV Халықаралық экология және туризм құрылтайы жоғары деңгейде өтті. Бұл маңызды жиынның басты мақсаты – жастардың экологиялық мәдениетін арттыру, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге олардың белсенділігін күшейту және халықаралық деңгейде туризм саласының дамуына серпін беру болды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ҚҰРЫЛТАЙЫНА ҚАТЫСТЫ

Құрылтай аясында Өзбекстан, Қазақстан және өзге де шет мемлекеттерден жиналған мыңға жуық қатысушы түрлі іс-шараларға атсалысты. Бағдарлама мазмұны да сан алуан бағытты қамтыды: семинарлар, конкурстар, спорттық жарыстар, экологиялық және туристік жобалардың таныстырылымдары ұйымдастырылып, жастар кәсіпкерлігін қолдауға арналған тренингтер өткізілді. Сондай-ақ мәдени бағдарламалар, танымал тұлғалармен жүздесу, тәжірибе алмасу алаңдары құрылтайдың мәнін айшықтап, мазмұнын байытты.

Қазақстандық делегация аталған халықаралық жиында белсенділік танытып, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Жастарымыз КТК сайысында бірінші орын жеңіп алып, ел намысын абыроймен қорғалды. Бұдан бөлек, экологиялық бағыттағы сән үлгілерін ұсынған Eco Fashion байқауында да арнайы номинацияға ие болып, шығармашылық қырын паш етті.

«Жастар – болашақ жасампаздары» атты IV Халықаралық экология және туризм құрылтайының басты мақсаты – жастарды табиғатты қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және туризм саласын дамытуға жұмылдыру.

Нақтырақ айтқанда, әуелі экологиялық бағыт – қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлықтарды сақтау, экологиялық ой-сананы қалыптастыру, жас ұрпақты табиғатқа жанашыр болуға баулуды мақсат етсе. Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық мақсат – жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыру, оларды әлеуметтік жобаларға тарту, кәсіпкерлікке қызығушылығын оятады. Үшіншіден, туризмді дамыту – әр елдің мәдениеті мен табиғи байлығын таныстыру, жастар арасындағы достықты нығайту, тәжірибе алмасу арқылы халықаралық туризмді алға жетелейді. Төртіншіден, шығармашылық және мәдениет – өнер, спорт, білім саласындағы жарыстар арқылы жас буынның жан-жақты дамуына жағдай жасауға алғашқы қадам.

Яғни, бұл құрылтай – жастардың тек экологияға ғана емес, қоғам дамуына үлес қосатын толыққанды тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін алаң. Құрылтайға қатысу – қазақ жастарының халықаралық деңгейдегі беделін арттырып қана қоймай, олардың экологиялық ой-санасын, кәсіпкерлікке деген құлшынысын одан әрі шыңдай түсті. Бұл – еліміздің жас буыны үшін тәжірибе алмасудың, жаңа идеялар мен серіктестіктердің бастауы болған маңызды қадам.



Жақында ҚР Ұлттық музейінде орыс әдебиетінің классик жазушысы, философ әрі публицист Фёдор Достоевскийдің өмірі мен шығармашылығына арналған «Бұл көшелерде оның ізі қалған...» атты көрме өз есігін айқара ашты.

Бұл көшелерде оның ізі қалған...

Көрменің негізгі мақсаты – XIX ғасырдың рухын танытатын музей экспонаттары арқылы қаламгердің шығармашылық жолын жан-жақты көрсету, сонымен қатар қазіргі заманда да Ф.М. Достоевскийдің есімін ұлықтау мен мұрасын сақтау бағытындағы жұмыстарды көпшілікке таныстыру.

Экспозицияның мазмұны жазушының Қазақстанмен байланысты тағдырлық кезеңіне – 1854–1859 жылдар аралығында Семей қаласында тұрған жылдарына арналды. Бұл уақыт – Достоевскийдің өміріндегі ең күрделі де ерекше белес болатын. Көрме залына келген қонақтар XIX ғасырдың екінші жартысындағы провинциялық қала атмосферасын сезініп, жазушының сол кезеңдегі қиындыққа толы әскери қызметі мен шығармашылық ізденістеріне қатысты тың деректермен танысады.

Музей қорынан алынған жәдігерлер мен тарихи құжаттар экспозицияның мазмұнын байыта түсті. Әсіресе жазушының сол дәуірдегі тұрмысы мен шығармашылық әлемін айшықтайтын фотосуреттер, хаттар мен қолжазбалардың көшірмелері келушілерге ерекше әсер қалдырды.

Аталған іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылғы 24 сәуірде өткен XXXIV сессиясында берген тапсырмасын іске асыру аясында ұйымдастырылды. Президент айтқандай, ұлы тұлғалардың өмірі мен еңбегін дәріптеу – мәдениеттің ғана емес, ел бірлігінің де маңызды тіректерінің бірі.

Фёдор Достоевский – әлем әдебиетінің алып тұлғаларының бірі. Ол адам жанын терең түсініп, ішкі қайшылықтар мен рухани ізденістерді көркем бейнелеген қаламгер ретінде тарихта қалды. Оның шығармалары бүкіл әлем оқырманына ой салумен қатар, адамзаттың ортақ құндылықтарына қызмет етіп келеді. Қазақ жерінде өткізген жылдары да оның өмір жолының бірегей парағы болып, шығармашылық ізденістеріне тың серпін бергені анық.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, көрме жазушының мұрасын кеңінен насихаттап қана қоймай, қазақ және орыс халықтары арасындағы рухани байланыстың да айқын айғағына айналып отыр. Бұл мәдени іс-шара әлем әдебиеті классигінің мұрасына деген қызығушылықты арттырып, өскелең ұрпақтың тарихи-рухани танымын байытуға қызмет етеді.

Көрме 2025 жылғы 8 қыркүйекке дейін жалғасады.



Бөтті дайындаған: Аружан ОРАЛБАЙ

ЖҮРЕК АУРУЫМЕН ТҮСКЕН ПАЦИЕНТТЕР ОТА ҮШІН КЕЗЕК КҮТПЕЙДІ

Жүрек ауруларынан қалай сақтануға болады? Қызылорда облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қандай кардиохирургиялық оталар жасалады және оның құны қанша? Осы және басқа да сұрақтарға бүгінгі кейіпкеріміз – көпбейінді облыстық ауруханасы жүрек-тамыр хирургиясы бөлімінің менгерушісі Берік Дәуітбаев жауап берді.

– Берік Русланұлы, кардиохирургия орталығында қандай медициналық қызметтер қолжетімді?

– Жүрек-қан тамырлары аурулары – Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өлім-жітімнің және аурушандықтың басты себептерінің бірі. Сондықтан жүрек сырқаттарының алдын алу мен емдеу ісіне ерекше назар аударылады.

Біздің орталықта тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында пациенттерге кең ауқымды қызметтер көрсетіледі. Мысалы, егер наукас ауруханаға жедел инфарктпен түссе, біз оған шұғыл түрде коронарография жасап (қан тамырларын зерттеу) және зақымдалған артерияға стент қоямыз. Бұл медициналық қызметтер адамның МӘМС жүйесіне қатысуына қарамастан тегін жүргізіледі.

Ал жоспарлы түрде емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы жолданған, МӘМС жүйесінде сақтандырылған науқастарға ашық жүрекке ота және басқа да кардиологиялық емдеу әдістерін жасаймыз.

– Демек, егер наукас шұғыл жағдайда түссе, диспансерлік есепте тұрмаса да толық көмек көрсетіле ме?

– Иә, мысал ретінде бір оқиғаны айтайын. Байқоңыр қаласының тұрғыны, Ресей Федерациясының азаматынан жоспарлы тексерістен өтіп жүргенде сол жақ коронарлық артерия сабауының қатты тарылғаны анықталды. Бұл жағдай бір тәулік ішінде шұғыл ота жасауды қажет етті. Біз оған дереу ота жасап, өмірін сақтап қалдық. Кейін ол МӘМС жарнасын төлегендіктен толық медициналық оңалтудан өтті.

– Өз қалтасынан төлеп емделгендер де болды ма?

– Болды, биыл 2 жағдай кездесті. Түбі Шиелі ауданынан шыққан Мәскеу тұрғынына аортокоронарлық шунттау жасалды. Сондай-ақ Өзбекстан азаматына да дәл осындай ота жасалды, құны – 3,5 миллион теңге. Өзбекстанда мұндай оталардың басым бөлігі ақылы.

– Жалпы жүрекке жасалатын оталардың бағасы қандай?

– Стент қою бағасы 1 миллион 700 мың теңге, аортокоронарлық шунттау 3,5 миллион, кардиостиму-

лятор орнату 2 миллион теңгеден асады. Ең қымбаты – кардиовертер-дефибрилятор немесе үш камералы электрокардиостимулятор орнату, бағасы 10 миллион теңгеге жетеді. Бірақ МӘМС жүйесіне қатысушылар үшін мұның бәрі тегін.

– Бұрын жүрекке ота жасатқысы келгендер жылдап кезек күтіп жүретін еді. Қазір бұл жағдай қалай?

– Қазақстанда жүрекке алғашқы ота 1960 жылдары А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында жасалды. Сол кезде жылына 600-700 ота жасалатын, ал қажеттілік 10 мыңнан асатын.

Көп наукас кезегін күткенше өмірден өтіп кететін немесе отаға өте ауыр жағдайда түсетін. Қазір елімізде кардиохирургия қарқынды дамып келеді. Қызылорда облысында жыл сайын 200-ге жуық жүрекке ашық ота жасаймыз. Кезек жоқ, наукастар түскен бойда қабылданады.

– Жүрек трансплантациясы отасын жасау жоспарда бар ма?

– Біздің облыстық ауруханада бүйрек және бауыр трансплантациясы сәтті жасалады. Ал жүрек трансплантациясы қазір тек Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы орталықтарда жүргізіледі. Қызылордада әзірге мұндай қажеттілік аса жоғары емес.

– Сіздің ең жас және ең егде жастағы наукастарыңыз кім болды?

– Мен мамандығым бойынша жұмысымды балалар кардиохирургы болып бастағанмын. Мәскеуде оқып, Алматыдағы перинатология және балалар кардиохирургия орталығында жұмыс істегенде алғашқы наукастарым жаңа туған сәбилер болды. Перзентханадан бірден ота залына алып келген нәресте болды. Салмағы небәрі 1 келі 300 грамм. Туабітті жүрек ақауы бар еді. Бұл – мен көрген ең кішкентай жүрек. Сол сәттің суреті әлі күнге дейін сақтаулы. Шүкір, аман қалды. Ал ең жасы үлкен наукас – 82 жастағы ақсақал. Оған аортокоронарлық шунттау жасаддық, ота сәтті өтті.

– Жүрек ауруларының алдын алу үшін не істеу керек?

– Адам ағзасы да автокөлік секілді уақытылы «техосмотрдан» өтуі керек. Белгілі бір жастан кейін жыл сайын скринингтен өтіп, жүректің УДЗ-ын жасап, холестерин деңгейін тексеру қажет. Ең бастысы, жүйелі түрде тексерілу.

Әңгіменіңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Айгүл АХАНОВА,

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы



Адам баласы сана күші мен табиғатты тануға, құштарлығына байланысты ұдайы, үздіксіз дамып отырды. Сондай дамудың бір дәлелі – дөңгелек.

Дөңгелектің адамзат тарихындағы рөлін асыра бағаламау мүмкін емес. Дөңгелектен қарапайым не болуы мүмкін? Дегенмен, адамдар бұл жаңалыққа мың жылдан астам уақыт жұмсаған.

Дөңгелеп жүріп әлемді өзгерткен

Біз көріп жүрген, көзімізге үйреншікті дөңгелек бірден дөңгелек қалыбына түскен жоқ. Барлығына уақыт қуа. Тарихқа зер салсақ дөңгелектің пайда болуы, жай бөрене ағаштан шығады. Атқаратын қызметіне байланысты ежелгі адамдар затты тасымалдау үшін бөренелерді жерге төсеп затты сырғытып отырған.

Бұл әдістер ежелгі Пирамидалардың салынуында қолданған деседі. Бастапқыда 2 тонналық ауыр тастарды итермес бұрын құмға су сепкен, содан соң құмды ылғалдандырып, тығыз жағдайға келтіріп, тастарды шанада тасыған. Кей зерттеулерде, тастың астына бөрене қойып жылжытқан деген дерек кездеседі. Адам күші жетпеген жерге айланып жеткен ғой. Осылай ауыр-ауыр тастарды жылжыту арқылы биік ғимараттар салынған.

Константинопольді аларда да дәл осы әдіс қолданғаны белгілі болды. II Мұраттың мұрагері II Мехмед Константинопольді 2 ай бойы 200 мың әскерімен қоршауға алады. Қаланы алу оңайға түспеген. Сұлтан Мехмет Еуропа жақтан қорған болатын қамал сала бастайды. Қамал Босфор бұғазының ең тар тұсына – Азия құрлығындағы Баязит сұлтан кезінде салынған қамалға қарама-қарсы тұрғызылады. Осылайша, екі қамалдың арасын 660 метр ғана бөліп тұрады. Осындай тактикалық қадам арқылы сұлтан теңізден өтетін кемелерді толықтай өз бақылауына алады.

Сұлтан бұдан бөлек түрлі санаттағы кемелер жасатып, флотты күшейтеді. Себебі Константинополь – теңізге жақын, түбекті қала. Оған теңіз арқылы ғана жетуге болады. Сұлтан кемелерінің саны соғыс қарсаңында 400-ге дейін жетеді. Мехмет Фатих Константинопольді құрлық жағынан 250 мың әскермен, теңіз жағынан 420 кемесмен қоршауға алады. Қаланың ең осал тұсы бұғаздың тар қолтығы еді. Алайда, ол жерге мықты қорғаныс жасалған. Кемелердің жақындауына мүмкіндік бермейді. Атырапты жігі зерттеген сұлтан мен әскери қолбасшылар бетпе-бет келмей айналып өтіп, бүйірінен шабуылдамақ болады. Бірақ бұл үшін кемелерді құрлықпен тасымалдау қажет. Бұл бұрын-соңды қолданылмаған әскери әдіс болатын. Жаудың ешбір күдігін тудырмау үшін шайқас әдеттегідей жүріп жатады. Түн

ішінде зәйтүн майымен майланған ағаш бөренелер үстімен дөңгелекте отырып 70 кемені тасымалдап өтеді. Күн қылау берген шақта қаланың қабырғасына оқ жетпей жерде жетпіс кеме шайқасқа дайын тұрады. Бұл да «дөңгелек» ұғымының іс жүзінде қалай пайдаға асқанына айғақ бола алады.

Алғашқы көлік доңғалақтары бес мың жылдан астам уақыт бұрын Месопотамияда пайда болды және жалпы шеңбер нүктесіне мықтап бекітілген бөренелер кесілген. Бұл қарапайым дизайн біздің ата-бабаларымызға шамамен бір жарым мың жыл бойы келесі серпіліс болғанға дейін және ағаш ілмектері бар дөңгелекті ойлап тапқанға дейін қызмет етті. Бұл дөңгелек жеңілдік болды және материалды үнемдеуге мүмкіндік берді. Соғыс күймелерінің доңғалақтарының беріктігін арттыру үшін кейбір халықтар қазіргі көлік дөңгелектері сияқты металл шеңберді қолдана бастады.

Дөңгелектің даму тарихы тұтастай алғанда адамзаттың технологиялық даму тарихын аша көрсетеді. Техникалық тамаша жетістіктер толқыны бір орында тұрмайды, жыл сайын жаңа материалдар мен технологиялар ашылады. Мүмкін жақын арада тағы бір серпіліс болып, көлік дөңгелегі қайтадан өзгереді.

Адамға қозғалу үшін дөңгелек керек, елестетіп көріңізші, егер дөңгелектер болмаса, көліктер де, арбалар да болмас еді, сонда адам барлық салмақты өзі көтеріп, үнемі жаяу жүруі қажет болады. Дөңгелекті ойлап табу – адамзат тарихындағы ең үлкен жаңалықтардың бірі.

Себебі, заман технологиясы қанша дамыған сайын дөңгелектің өзектілігі де артуда. Мысалы, толығымен темір сауытпен қапталған танкі болсын, алыс жерлерге ұшатын ұшақтар болсын, т.б. әртүрлі салаларда өзекті.

Ал сіз қалай ойлайсыз? Келешекте дөңгелек қолданыстан шығып қала ма, әлде әркез қолданыста болып, дами түссе ме?

Қазыбек ШАХАНОВ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ — ТӘРБИЕНІҢ ТҮІП ҚАЗЫҒЫ

Қазіргі таңда болашақ ұрпақты өз халқының тарихы мен тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адами қасиетті тереңнен түсіне алатын шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – заман талабы мен қоғам қажеттілігіне айналды.

Тұлғаны қалыптастырудағы басты құндылықтардың бірі – өз елі, тарихы, халқы үшін мақтаныш сезімі. Өз халқының тарихын, салтын, әдет-ғұрпын білетін, өз Отанын құрметтейтін, еліне жаны ашитын, ол үшін жауапкершілікті сезінетін тұлғаның патриоттық тәрбиесі ұлттық тәрбиенің өзегі болып табылады. Білім алушылардың бойында осы қасиеттерді қалыптастыруда бірден-бір әсер ететін – білім саласында жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға және ұядан алған тәрбиеге байланысты.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп Әбу Насыр әл-Фараби өз қағидасында тұжырымдағандай, оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы бірін-бірі толықтырып отырады.


Ұлттық мәдени құндылықтарды қарапайым тілмен түсіндірер болсақ, белгілі бір ұлтқа тән адами қадір-қасиет, халықтың сан ғасырлар бойы жинақталған ұлттық рухани және материалдық құндылықтары.

Қазақстан Республикасының «Білім тура-



тері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту».

Қазақстан – бай тарихи және мәдени мұрасы бар көпұлтты жә-



не көп-мәдениетті мемлекет. Ұлттық құндылықтар азаматтардың бірегейлігі мен

құндылық бағдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты ерекшелендіріп тұратыны оның



тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары,

ұлттық колөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Бір ұлтты басқа ұлттан дара-лайтын – оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек.

Адам өміріндегі тәрбие, ұлттық сана басты мәселе болуы тиіс. Адам болып туылу оңай, ал адам болып қалыптасу қиын. Адамдық қасиетке бірден бір әсер етуші фактор – ол тәрбие, ұлттық салттымыз. Халық даналығы қорытқан қазына байлық, тәжірибені халық игілігіне жарату, үлгі етіп ұсыну жас ұрпақтың еншісінде.

Жадыра БЕРДЕШЕВА,

Қазалы ауданы, Ақсуат ауылы, №100 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Басы 1-бетте

Жылқы адамзат тарихында қолға үйретілген соңғы үй жануарларының бірі саналады. Ғалымдардың пайымдауынша, жылқы ең алғаш бұдан шамамен 5,500 жыл бұрын Еуразия даласында қолға үйретілген Бұл – б.з.б. IV мыңжылдыкқа сәйкес келеді. Осы уақытқа дейін жылқыны адамдар тек аң ретінде аулап келген болса, энеолит дәуірінде Еуразия жазығында алғаш рет жабайы жылқыларды үйретіп міну, пайдалану үрдісі басталды. Археологиялық деректер бұл үрдістің маңызды ошағы қазіргі Қазақстан аумағы болғанын көрсетеді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай қонысына жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет дәл осы өңірде қолға үйретілгенін дәлелдеді. Ботай мәдениетіне жататын (б.з.д. 3700–3100 жылдар шамасы) қоныстан аса көп жылқы сүйектері, ауыздыққа тән тістегі іздер, қыш құмыралардың түбінде жылқы сүтінің құрғақ қалдықтары табылған. Бұл фактілер жылқының сол кезеңде сүт үшін сауылып, міну үшін пайдаланылғанын көрсетеді. Яғни, Ботай тұрғындары жылқыны тек қорек ретінде ғана емес, көлік және шаруашылық жануары ретінде де пайдаланған. Осы археологиялық жаңалықтар негізінде әлем ғалымдары жылқыны алғаш қолға үйрету және атқа міну дәстүрі біздің заманымыздан бұрын 4-мыңжылдықта қазіргі қазақ даласында пайда болған деген тұжырымға келді.

Жылқыны қолға үйрету – шаруашылық пен әлеуметтік өмірде серпіліс жасады. Алғашқы кезде жылқы негізінен салт мініс үшін және жүк арту үшін пайдаланылды. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Солтүстік Қара теңіз бойындағы ежелгі тайпалар (әзірге Украина жеріндегі Деревка мәдениеті деп есептеліп келген) жылқыны тартпа жануар ретінде пайдаланып, арба жегуді үйренген. Алайда бұл дағдылардың түп-тамыры Орта Азия мен Қазақ даласындағы үрдістерге барып тіреледі. Б.з.д. II мыңжылдыкқа қарай Таяу Шығыста және Еуропада жылқы жетекке үйретіліп, соғыс арбаларына жегіле бастады. Мысыр, Месопотамия, Қытай сияқты ежелгі өркениеттерде жылқы салт міну және соғыс

Тарихи дамудың келесі кезеңдерінде – оқ-дәрінің кең қолданылуы, от қаруының шығуы (XVII-XVIII ғғ.) атты әскердің әскери маңызы біршама төмендей бастады. Мылтық пен зеңбірекке қылыш пен найза-мен қаруланған салт аттылар төтеп бере алмайтын жағдайлар көбейді. Дегенмен, жылқы әскери күш қатарынан толық ығыстырылған жоқ. XIX ғасырда Наполеон соғыстары кезінде жеңіл атты әскер (уландар, гусарлар) маңызды рөл атқарды. Тіпті XX ғасырдың басында, Бірінші дүниежүзілік соғыста, кей майдандарда кавалерия қолданылды. Алайда технологиялық прогресс жылқының орнын біртіндеп алмастырды: моторлы көліктер мен танкілер пайда болғаннан кейін әскери кавалерия дәуірі жабылды.

Жаңа заманда жылқының адам өміріндегі қызметі өзгеріске ұшырады. Бұрын негізгі көлік және жүк тартушы болған жылқыны XX ғасырда автомобиль, трактор, теміржол сияқты техникалар алмастыра бастады. Жылқы саны көптеген елде азайды, оны күтіп-бағу, азықтандыру шығындары пайдасына қарағанда тиімсіз саналатын болды. Мысалы, АҚШ пен Батыс Еуропада XX ғасыр ортасына қарай жылқы негізінен спорт пен демалыс құралы, әуесқойлық мақсаттағы жануар деңгейіне түсті. Көптеген дамыған елде жылқы ұстау қымбат болғандықтан бай һәм элиталық хобби саналды. Дегенмен, әлемнің кей өңірлерінде (әсіресе дамушы елдерде) жылқы әлі күнге дейін шаруашылықта маңызды рөл ойнайды. Мысалы, Монғолия, Қырғызстан, Қазақстан сияқты далалық сипаттағы елде және кейбір Африка, Латын Америкасы елінде жылқы малын бағу экономиканың бір бөлігі болып қала береді. Монғолияда қазіргі күннің

үстінде айрықша ептілік көрсеткен. Мұнда қызық тарихи параллель бар: Еуразия даласының көшпенділері мыңдаған жыл бұрын жылқыны қалай игерсе, сол құрлықтан қоныс аударған үндістердің кейінгі ұрпақтары Америкада қайтадан жылқымен «танысып», аз уақытта сондай шеберлікке жеткен. Бұл жылқы мен адамның табиғи байланысы қаншалықты күшті екенін аңғартады.

Әр халық жылқы жайында өзіндік таным қалыптастырған. Жылқы туралы мифология, эпос, ауыз әдебиеті көптеген елдердің мәдени мұрасында маңызды орын алады. Мысалы, грек мифологиясында қанатты тұлпар Пегас – шабыт символы, үнді эпосы «Махабхаратада» әмбебап жерұйық ат Сапта Синду суреттеледі, түркі-моңғол эпостарында ер жүрек батырлар астындағы атымен бірге сипатталады (ат – батырдың серігі әрі көмекшісі). Бұл мотив қазақтың

АТҚА МІНУ – ӨТКЕННІҢ ӨРНЕГІ, БҮГІННІҢ ОЛҚЫЛЫҒЫ

арбаларына жегу арқылы әскери іске енді. Арбалар мен атты әскерлер ежелгі заманда билеушілердің қуатын көрсетер айрықша күшке айналды. Сонымен қатар жылқының үйретілуі әлеуметтік жіктелуге де әсер етті. Жылқы өсіру мен атқа міну бастапқыда Еуразияның көшпелі жұртында кең таралса, отырықшы мемлекеттерде бұл өнер әуелде тек сарай маңындағы ақсүйектер мен жауынгерлердің үлесі еді. Мысалы, ежелгі Грекия мен Римде салт атты әскер – қоғамның жоғарғы тап өкілдерінен құралған ерекше мәртебелі әскери қабат болды. Қытайда да жылқы негізінен әскерилер мен аристократияда бағаланды. Ал Ұлы дала көшпенділері үшін жылқы ұстау күнделікті тұрмыс пен өмір сүрудің негізі болды. Өрбір ер-азамат ат құлағында ойнауға тиіс-тін. Бұл айырмашылық көшпенділерге әскери басымдық берді: атты жауынгерлер отырықшы халықтардың жаяу әскерімен салыстырғанда едәуір мобилді және соғыс алаңында тиімді болды. Орта ғасырларда жылқы әскери істегі басты күшке айналды. Шамамен VII-VIII ғасырлардан бастап Еуразияның түрлі аймақтарында атты әскер шешуші рөл атқара бастады. Еуропада феодалдық дәуірде ауыр қаруланған рыцарьлар, салт аттылар басты соғыс күші болды. «Атты әскер» ұғымы сол заманда асқан әскери қуатты білдіретін. Еуропалық рыцарьлардың салты мен мәдениеті (турнирлер, серілік дәстүр) түгелдей атпен байланысты қалыптасты. Азияда арабтар мен парсы жұрттары да жеңіл қаруланған шабандоздарға сүйеніп, кең аумақтарға жылдам жорықтар жасады. Ислам дәуірінде де араб тұқымды сәйгуліктер бүкіл әлемге танылды, араб жылқылары төзімділігі және әсемдігі үшін жоғары бағаланды.

Дала өркениетінде бұл кезеңде жылқы мәдениеті барынша кемеліне келді. VI-VIII ғасырлардағы Түркі қанғанаттары, одан кейінгі бірнеше ғасырдағы Қыпшақ, Қимақ тәрізді дала мемлекеттері, ақырында Шыңғыс хан негізін қалаған Монғи ел (Монғол империясы) – барлығы да жылқыны стратегиялық күш ретінде пайдаланып, Еуразияның байтақ далаларында үстемдік жүргізді. Монғол жауынгерлері күніне жүздеген шақырым жол жүріп, ат арқасында жауларын қоршауға алып, күйрете соққы бере алған. Тарихи деректерде монғолдардың әрбір сарбазының қолында соғыс кезінде мініетін бірнеше ат болғаны, ұзақ жорықтарда олар аттарын ауыстырып мінгені айтылады. Монғол аттары сырттай шағын көрінгенімен, ерекше шыдамды еді. «Өлемді аттың үстінде жаулау оңай» деген Шыңғыс ханның сөзі жылқының әлемдік тарихтағы орнының айқын айғағы деуге болады.

Еуропа мен Азияның отырықшы өркениеттері де көшпенділердің бұл артықшылығын мойындап, уақыт өте келе атты әскерге көп мән бере бастады. XVI-XVII ғасырларға қарай Еуропада да жеңіл және ауыр атты әскер түрлері (мысалы, гусарлар, кирасирлер) дамыды. Ат үстіндегі шайқас тактикасы жетіліп, салт аттылардың семсерлесуі, найзаласуы сияқты әскери өнердің ерекше түрлері қалыптасты. Жылқы тек соғыста емес, бейбіт өмірде де тасымалдау, коммуникация құралы ретінде ортағасырлық қоғамның ажырамас бөлшегіне айналды.

өзінде жылқы саны халық санына тең (шамамен 4,8 миллион жылқы бар, ал халық 3,3 млн төңірегінде), бұл әр отбасының бірнеше жылқысы барының дәлелі. Сол сияқты әлем бойынша қазіргі жылқы саны 50-60 миллионның төңірегінде деп бағаланады. Бұл тірі мұра адамзаттың жылқыдан толық қол үзбегенін көрсетеді.

Жалпы, жылқыны әртүрлі халықтар әрқилы мақсатта пайдаланып, өзіндік мәдени дәстүрлер қалыптастырған. Еуропа халықтары жылқыны негізінен соғыс пен салтанат үшін пайдаланып, сословиелік мәдениет қалыптастырды. Ортағасырлық Еуропада «атқа міну» – ақсүйектік тәрбие элементі болатын. Қазіргі ағылшын тіліндегі gentleman(сэр) ұғымы да ат үстінде өз-өзін ұстай білетін, арнайы әдеп ережелерін меңгерген тап өкілін сипаттайды. Ат спорттығын классикалық түрлері бар. Мысалы, конкур (кедергілерден өту), ат үстінде сән жүріс (выездка) Еуропада пайда болып, ақсүйектердің ермегіне айналғаны мәлім. Бүгінде де Ұлыбритания, Франция, Германия сынды елдерде ат спорты (поло, ат жарысы, ат шашуы) жоғары қоғам мәдениетінің ажырамас бөлшегі саналады.

Азия халықтары арасында жылқы мәдениеті кең таралғанымен, оның мазмұны әртүрлі. Арабтар жылқыны ерекше қадірлейтін халықтардың бірі. Олардың арасында араб тұқымды сәйгуліктерін туралы мыңдаған жылдық селекция дәстүрі бар. Араб жылқылары өздерінің әсемдігімен, жүйріктігімен танымал және әлемдегі ең таза қанды асыл тұқымның бірінен саналады. Араб және парсы поэзиясында жылқы сұлулық пен тектіліктің символы ретінде жырланған. Үндістанда ежелден жылқы әскери мақсатта қолданылса да, ауыр тропикалық климатта атқа міну күнделікті мәдениетке терең ене қоймады. Дегенмен, ортағасырлық үнді князьдіктерінде де ойындары (поло тәрізді) және атты әскер дәстүрі дамыды. Қытайда жылқыны пайдаланудың өзіндік тарихы бар. Ерте Қытай империялары жаугершілік замандарда түркі-монғол халықтарынан үйреніп, өздерінің атты әскерін (соның ішінде атақты мырзақекеп – ауыр салт аттылар) жасақтаған. Сондай-ақ, Қытай шежірелерінде ғұн-түрік сияқты көшпенді көршілерін «ат үстіндең түспейтін халық» деп суреттейтіні белгілі. Жапон мәдениетінде самурайлар жылқыны пайдаланды, бірақ Жапония арыланда жазық жер аз болғандықтан, жаппай жылқы өсіру кең етек жиймады.

Жылқыны ерекше қастерлеген халықтардың бірі – солтүстік американдық үндістер (аборигендер). Олар жылқыны Еуропалықтар арқылы XVI-XVII ғасырларда ғана білді, бірақ тез арада қоныс аударушы испандықтардың қашып кеткен үйірлерінен жабайы жылқыларды ұстап, үйретіп алды. Сол арқылы қысқа уақыт ішінде өзіндік «ат үстіндегі» мәдениет қалыптастырып, жылқыны күнделікті аңшылықта, соғыста, көшіп-қонуда кең қолданды. Мысалы, Солтүстік Американың далалық тайпалары – команч, лакота (сиу), чероки және т.б. XVIII-XIX ғасырларда аса машықтанған атты жауынгерлер болғаны тарихтан мәлім. Олар еуропалық отаршылармен шайқастарда жы л қ ы

«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларында анық көрінеді. Батырлардың Тайбұрыл, Байшұбар секілді тұлпарларын иесіне ақыл-парасатымен жол сілттеп, ажалдан құтқарып отырады. Жылқы образы осылайша әлем халықтарының өнерінде еркіндік, тектілік, достық идеяларымен сабақтас бейнеленген.

Қазақ халқы үшін жылқының орны ерекше. Қазақ – тамыры тереңге кеткен жылқы мәдениеті бар ұлт. Көне саяқ, ғұн, түркі дәуірлерінен бері қазақтың ата-бабалары тұлпар тізгінін тартып, тағдырын ат үстінде өткерген. «Ат–ер қанаты» деген motel қазақтың дүниетанымында жылқының қаншалық маңызды екенін білдіреді. Шынында да, көшпелі қазақ қоғамында жылқы – тіршіліктің тірегі әрі өмір салтының өзегі болды. Ең алдымен, жылқы – көлік және қатынас құралы. Қазақтар ұшса құс қанаты талатын кең байтақ далада бір орыннан екінішісіне көшіп-қону, алыс жерлерге сапар шегу үшін жылқыдан қолайлы көлік жоқ екенін жақсы білді. Аттың жүріс жылдамдығы жаяуға қарағанда бірнеше есе артық болғандықтан, қазақ қауымы үшін барлық коммуникация (барытыла-сырымта, соғыс жорықтары, сауда керуендері, елшілік миссиялар) түгелдей ат үстінде атқарылды. Екіншіден, жылқы – әскери күштің негізі. Қазақ жасақтары ғасырлар бойы ең үздік атты әскер саналды, жауырыны жер иіскемеген талай батырларымыз (Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, т.б.) ерлік даңқын ат құлағында ойнаған шабандоздық өнерімен асқақтатты. Үшіншіден, жылқы – даулет өлшемі, әлеуметтік мәртебе белгісі. Қазақ қоғамында байлықтың басты өлшемі төрт түлік мал саны болса, соның ішінде жылқы саны айрықша бағаланды. «Жүз жылқы – жаным, мың жылқы – малым» немесе «Ат – байлықтың басы» деген сөздер осыны аңғартады. Көп жылқы ұстаған адамды «жылқылы бай» деп атаған, кейде оның есімі де соған орайлас қойылған. Төртіншіден, жылқы – қазақтың азық-түлік қорында да ерекше орын алған түлік. Қазақ жылқыны тек міну үшін ғана емес, еті мен сүтін тағамға пайдаланды. Жылқы еті – қазы-карта, жал-жая қазақтың ең қадірлі қонағына тартатын дәмі. Қымыз – бие сүтінен ашытылатын дәстүрлі ұлттық сусын, денсаулыққа ышпалы, қан қоздырып, құш-қуат беретін қасиеті бар делінеді. Сондықтан қазақ «Қымыз – қанша ішсен де қор қыламытін, қанша жемесен де тоң қыламытін қуат» деп бағалаған. Бесіншіден, жылқы – рухани мәдениеттің бір бөлігі, ұлттық болмыстың символы. Қазақтың күй өнерінде жылқы тақырыбы ерекше маңызды. Небір құмбірлеген күй арқылы халық тұлпарлардың шабысын, оқыс оқиғаларды суреттеген (мысалы, «Ақсақ құлан», «Құламерген» күйлері). Мақал-мәтел, теңеу, бейнелеулерде қазақ жылқыға байланысты ой-қиялын танытқан («Жылқы – малдың патшасы», «Ат тұғыян тай басар» т.б.). Тіліміздегі көптеген тұрақты тіркес те жылқыға қатысты. Мәселен, қазақтар «оңға бұрыл» демей, «қамшы жаққа бұрыл» дейді, ал «солға бұрыл» дегенді «мінер жаққа қарай бұрыл» деп айтады. Бұл сөз қолданыстары көшпенді өмірде адамның бағытты ат үстіндегі жағдайына қарай белгілегенін көрсетеді.

Қазақ дәстүрлі қоғамында баланы еңбекке, жауапкершілікке баулу жылық малын күтіп-бағудан басталған. Ата-аналар ер баланы кішкентайынан атқа отырғызып үйреткен. Тарихи деректерге қарағанда, қазақта 5-6 жастағы ұл балаларға жеке құнан тай мінгізіп, оның тұсауын кесу рәсімі жасалған (бұл дәстүр «Ашамайға мінгізу» деп аталады). Баланың алғаш рет жеке аты болғаны – оның есейіп, ер-азамат болуға қадам басқанының белгісі. Жас бала алғашқыда ашамай деп аталатын арнайы ер-тоқымымен мінеді. Оның құламауы үшін алдыңғы-артқы қастары биік болып жасалады. Біраз уақыт әкесі жанында жетекке алып жүріп үйреткен соң, бала ат үстінде өздігімен сенімді отыруды меңгереді. Қазақта «Атқа мінген бала аттан түспейді» деген қағида бар. Яғни бала бір мінген соң жылқыға деген құмарлығы оянып, өмір бақи ат құлағында ойнауға бейімделеді деген сөз. Шынында, дәстүрлі ортада қазақ ерек кіндікті өмірінің жар-тысынан көбін ат үстінде өткізген деуге болады. Ат жалында өскен қазақ баласы әрі шынығып,

“Атқа мінсең ауырмайсың, Атпен ауырсаң жазылмайсың”

Е.Үмбетөлі

әрі жылқы малын қастерлеуді, оның бабын табуды үйренеді. Алайда бүгінгі күні қалада туып-өскен қазақ жастары түгiл, ауыл жастарының көпшілігі атқа міну былай тұрсын, жылқы түлігінің өзін жете тани бермейді. Оның себептерін талдап көрсек.

Қазақстан халқының жартысынан астамы қазір қалада тұрады, әсіресе соңғы онжылдықтарда урбанизация қарқыны күшейді. Қала жағдайында жылқы ұстау мүмкін емес, күнделікті өмірде жылқы атаулыға орын жоқ. Балалар көпқабатты үйлердің ауласында ой-нап өседі, айналасындағы тіршілік автокөлік, техникаға негізделген. Мұндай ортада жасөспірімнің жылқы түгiлi, жалпы мал шаруашылығы туралы түсінігі өте кем болады. Мысалы, қазір қала баласына қой мен ешкінің, сиыр мен өгіздің айырмасын сұраса, ажырата алмауы мүмкін. Тіпті төл атауларын білмейтіндері көп. Сондай-ақ жылқы ұстау, оған қажет жағдай жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Жылқы – қора-жай, жайылым, жем-шөпті қажет ететін түлік. Кенес заманынан кейін көптеген

қазақ отбасысы экономикалық қиындықтарды бас-тан кешті, ауылда да мал басын өсіру оңай болмады. Көпшілігі қолдағы малын сатып, қалаға көпті. Қарқынды нарықтық экономика жағдайында жұрттың басым бөлігі өнеркәсіп, қызмет көрсету салаларында жұмыс істеп, дәстүрлі мал шаруашылығынан алыстап кетті. Бұл үрдіс жылқы баптау білімі мен тәжірибесінің күнделікті өмірден жоғалуына соқтырды. Жастар уақытын мектепте, университетте, кейін офиста, зауытта өткізеді. Ат бағуға мүмкіндігі де, қажеттілігі де жоқ. Әрі жылқы сатып алып баптау үлкен қаржыны талап етеді.

Жаһандану дәуірінде жастардың қызығушылығы, әуестігі басқа салаларға ауған. Қаладағы жастар үшін атқа міну – спорт немесе хобби ретінде ғана қарастырылуы мүмкін, алайда ондайға қызығатындардың үлесі аз. Қазіргі мәдени ортада компьютерлік ойындар, заманауи спорт түрлері, технологиялар басымдыққа ие. Атқа мінуді үйрену де белгілі бір құш-жігерді талап етеді, оған екінің бірінің сабыры жетпейді. Оның үстіне, жылқы міну кейбір жастарға «әскірген», «ауылдың шаруасы» сияқты болып көрінуі ықтимал. Өйткені қала мәдениетінде жылқы сән немесе спорттық деңгейде ғана кездеседі (мысалы, байырғы ат спорты клубтары бар, бірақ оларда айналысу құны қымбат). Бұрынғыдай әр қазақтың үйінің қасында қорасында жылқысы байлаулы тұрмаған соң, жас буынның оған ынта-ықыласы төмендейтiнiң рас.

Баланы жастайынан атқа мінуге үйрету – қазақ дәстүрінде әкенің міндеті еді. Қазір көптеген ата-ана өздері де бала кезде атқа мініп көрмеген болуы мүмкін, сондықтан ондай дағдыны ұрпағына үйретпейді. Мектепте немесе өзге де ресми ортада да атқа мінуді үйрету қарастырылмаған (кейбір арнайы спорт мектептері бол-маса). Нәтижесінде, атқа міну көптеген қазақ баласы үшін жат нәрсе болып бара жатыр.

Ат үстіне алғаш отырған адамның бойында белгілі бір үрей болатыны түсінікті. Жылқының үлкен жануар екенін, оны басқару оңай емес екенін сезінген соң, кейбір жастар бір-екі рет мініп көргеннен кейін қайтып жақындағысы келмей қалады. Әсіресе, қалада өскен балалар үшін жылқы бейне бір жабайы, қауіпті жануардай көрінуі де мүмкін. Осындай психологиялық тосқауыл да жас ұрпақты ат құлағында ойнаудан тежейді. Жалпы, осы факторлар бүгінгі қазақ жастарының басым бөлігінің атқа міну дағдысының жоктығын түсіндіреді. Нақты айтқанда, урбанизацияның әсері бірінші орында тұр. Ауылдық орта азайып, қазақтың өмір сүру салты түбегейлі өзгергендіктен, жылқы ұстау күнделікті қажеттіліктен гөрі тансық һәм сирек жағдайға айналды. Егер бұрын қазақтың әр баласы бала кезінен жылқыны тізгіндеп үйренсе, бүгін қалалық жастар атқа мінуді тек арнайы ат фермалары мен клубтарда, ақылы сабақтар арқылы ғана үйрене алуға. Бірақ соңғы жылдары қазақ жастары арасында этноспорт пен салт-дәстүрге қызығушылық қайта өрлеп келеді. Атқа міну тек ата-баба мұрасы ғана емес, денсаулыққа пайдалы спорт және ерекше хобби ретінде бағалануда.

Атқа мінудің тарихы – адамзат өркениеті тарихының ажырамас бөлігі. Жылқыны қолға үйрету және пайдалану арқылы адам баласы кең дүниені шарлап, мәдениеттер араласып, жаңа даму көкжиегі ашылды. Әлемнің әр түкпірінде жылқыға негізделген өзіндік мәдениеттер қалыптасып, адам мен жылқы тандемі талай қоғамның өркендеуіне ықпал етті. Қазақ халқы үшін жылқының орын ерекше екендігі тарихи және мәдени деректерден айқын көрінеді. Қазақтар мыңдаған жыл бойы өз өмірін атсыз елестете алмаған, «Қазақ – жылқы мінезді» деп, жылқыны ұлттық болмысыының айнасы деп билген. Ұлы дала мекендеген ата-бабамыз үшін жылқы – әрі көлік, әрі серік, әрі байлық, әрі азық болған.

Жылқы – қазақтың өткен тарихының бір бөлігі ғана емес, бүгінгі ұлттық ерекшелігіміздің айқын көрінісі. Сондықтан жылқыға қатысты бай мұрамызды сақтау, жас ұрпаққа оны насихаттау маңызды. Ат спорты секциялары, бәйгелер, этноспорт фестивалдары бұл бағытта игі рөл атқарады. Бәлкім, арада талай ұрпақ алшақтап қалғанымен, қазақ пен жылқының достығы жаңа дәуірде жаңаша үлгіде жалғаса бермек. Халқымыздың қанында бар жылқыға құмары қайта оянып, ертеңгі күні қазақ жастарының тұлпар тізгінін тарта алатын құн туатынына сенім мол.

Ақ СҰҢҚАР





ЖАҚСЫЛЫҚ – ЖҮРЕККЕ ЕМ ҺӘМ КӨҢІЛГЕ ДАУА

Адам баласы өмір бойы ізгілік пен зұлымдықтың арасында таңдау жасап келеді. Бір қарағанда, «жақсылық» деген сөз тым қарапайым секілді. Бірақ оның астарында терең философия, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани құндылық бар. Қазақ «Жақсылық қылсаң – өзің үшін, жамандық қылсаң – өзің үшін» дейді. Бұл сөздің мәні – жасаған әрбір игі ісін, айтқан әрбір жылы сөзің түптің түбінде өзіңе қайтып оралады дегенді білдіреді.

Бүгінгі қоғамда жақсылық сиреп кеткендей көрінетіні бар. Қайырымдылық қорына ақша аударғанымызбен, оның шын мұқтаждың қолына жетіп-жетпегеніне күмәнданамыз. Біреуге көмектескін келсе, кейде сенімсіздікке тап боласың. Тіпті кейбір адамдар «қазіргі заманда мейірімге орын қалды ма?» деп күмәнданады. Дегенмен жақсылық ешқашан өлген емес, тек біз оны байқап, бағалауды үйренуіміз қажет.

Жақсылықтың үлкені де, кішісі де болмайды. Ол қарапайым істерден басталады. Көшеде жатқан қоқысты көтеріп, қоқыс жәшігіне салу – табиғатқа жасалған қамқорлық. Автобуста қарияға орын беру – кісілік пен мәдениеттің белгісі. Біреудің көңілін қалдырмай, жылы сөз айту – жанға қуат береді. Расында бір ғана игі іс айналаңа шуақ шашады.

Жақсылықтың тағы бір қыры – сөзбен, тыңдай білу арқылы көмектесу. Әркімнің өмірінде қиын сәт болады. Сондайда біреудің мұңын тыңдап, қолдау білдіру – үлкен демеу. Өйткені кейде адамға ақша да, дүние де емес, жанын жылытар сөз керек. Дана халқымыздың «Жақсының сөзі – жанға шипа» деуі сондықтан.

Жақсылықты жасау үшін міндетті түрде басқаға ғана емес, өзіңе де қамқор болуды үйренген жөн. Өзін сүйіп, қадірлей білген адам ғана айналасына мейірім таратады. Бұл – құрғап қалған құдықтың сусын іше алмайтынымыз сияқты, жүрегі бос жаннан ізгілік күтудің қиындығын меңзейді.

Табиғатқа жасалған жақсылық та – мәңгілікке қалатын мұра. Бір тал ексең, ол ертең сая болмақ. Бір тамшы суды үнемдесең – болашақ ұрпақтың несібесіне үлес қосасың. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген дана сөздің төркіні де осында. Жақсылықтың дәні бүгін егіліп, ертең өз жемісін береді. Мүмкін, сен отырғызған бір талдың саясында ертең бір бейтаныс жан тынығар. Мүмкін, сенің жылы жымиысыңнан біреудің жан дүниесіндегі дауыл басылар.

Кейде біз жасаған жақсылығымыздың қайтарымын күтеміз. «Мен көмектестім, неге ол алғыс айтпады?» деген ой мазалайды. Бірақ жақсылық – сауда емес. Шынайы жақсылық алғыс үшін емес, жүректің әмірімен жасалады. Халық «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Ендеше, біреудің жасаған игілігін бағалай білу де – ізгілік.

Қорытындылай айтқанда, жақсылық жасау – адамның рухын байытатын қазына, өмірге мән беретін ұлы құндылық. Ол кейде көзге көрінбейтіндей ұсақ, бірақ жүрекке салмағы зор. Бәлкім, сенің жасаған бір ғана жақсылығың әлемді өзгертпес, бірақ бір адамның тағдырын жарық қылар. Ал сол адамның жүрегіндегі мейірім кейін өзгеге тарайды. Солайша ізгілік толқыны көбейіп, қоғамымызды жылылыққа бөлейді.

Қорлан САРЫ

ҚАРУМЕН БІРГЕ ХАКІМ СӨЗІН ДЕ СЕРІК ЕТКЕН САРБАЗДАР



Солардың бірі – Шымкенттегі 6506 әскери бөлімінде борышын өтеп жүрген жауынгер Бақытжан Артықбай. Бала күнінен әдебиетке құмар болып өскен ол түрлі сайыста бақ сынап, Абай

Әдетте әскери өмірді тек тәртіп пен заңға бағынған сарбаздың бейнесімен елестетеміз. Алайда ел тыныштығын күзетіп жүрген ұландықтардың арасында руханиятқа ден қойған, әдебиетті қастерлейтін жастар бар.

оқуларының бас жүлдесін де иеленген. Бүгінде ол ақынның елуге жуық өлеңін жатқа біледі.

– Абайдың сөзі – адамгершілік пен парасаттың мектебі. Қатарыммен сап түзеп, ел тыныштығын күзетіп жүргеніммен, бос уақытымда Абай өлеңдерін қайталап, ішкі жан-дүниемді тәрбиелеуге тырысамын. Оның әр жолынан рухани тереңдік, тәрбие мен тағылым сезіледі, – дейді жас сарбаз.

Ал қатардағы Жұлдызбек

Ромашевтың әдебиетке деген қызығушылығының артуына отбасы себеп болған. Анасы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан, ол да бала кезінен Абай мұрасына қанық болып өскен. Ол да республикалық Абай оқуларының жүлдегері атанған.

Қос сарбаз әскери борышын өтеп қана қоймай, рухани байлықты қатарластарына үлгі етіп жүр. Әр сапта, әр әңгімеде Абайдың өлеңдерін жатқа айтып, жастардың ой-санасына сәуле түсіруді мақсат етеді.



Бұл – Ұлттық ұландағы сарбаздар тек қаруды ғана емес, рухани қазынаны да серік ете білетінін көрсетеді. Ел тыныштығын күзетіп жүріп, елдің рухын асқақату – нағыз азаматтың ісі.

Бүгінгі сарбаз – елдің ертеңгі тірегі. Ұрпақтың рухын тәрбиелеу майданда да, бейбіт өмірде де тоқтамауы тиіс.

Инжу МАРЖАН

САНДАР СЫРЫ МЕН АДАМ БОЛМЫСЫ

Адамзат баласы ерте замандардан бері сандарға ерекше мән беріп келген. Ғасырлар қойнауынан жеткен көне ілімдердің бірі – нумерология. Бүгінде бұл ұғым көпшілікке таныс. Сандардың тек есеп-қисап үшін ғана емес, адамның мінезі мен денсаулығына, тағдырына әсері бар деген сенім сан алуан елдерде ежелден айтылып жүр. Әсіресе туған күнге сәйкес келетін сандардың ықпалы туралы керекті дерек өте көп. Біз бүгін қажеті болар деген ниетпен нумерологияның қызықты мәліметтерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Бірліктер. Айдың 1-і, 10-ы, 19-ы, 28-і күндері дүниеге келгендер «1» санының ықпалында болады. Мұндай жандардың бойында мақтансүйгіштік, өзімшілдік, менмендік байқалғанымен, олар өзін қадағалай алады, ұсақ-түйекке мән береді. Ашық мінезді болса, сәттілік жолдас.

1-і күні туғандар – еркіндіксүйгіш, шығармашыл, епті, басшылыққа бейім. Дегенмен ұстамдылық қажет. 10-ы күні туғандар – еркін, идеалист, әртістікке бейім. Кез келген істі басынан бастауға қорықпайды, бірақ кейде өз шамасын білмейді. 19-ы күні туғандар – білікті, өзгелерге көп нәрсе үйретеді. Батыл, іскер. Бірақ өркөкіректік жетістіктерін көмескілейді. 28-і күні туғандар – арманшыл, сезімтал, ерік күші мығым. Денсаулығына келсек, бірліктер жүрек, көз, қан қысымы, қан айналымы ауруларына бейім. Олар үшін түймедақ, шафран, лаванда, апельсин, лимон, жүзім, зімбір, арпа пайдалы. Әсіресе балды жиі қолданғаны жөн.

Екіліктер. Айдың 2-сі, 11-і, 20-сы, 29-ы туғандар – «2»-нің адамдары. Оларда өзіне сенімсіздік, мінез тұрақсыздығы байқалады. Шешім қабылдау оңайға түспейді. Бірақ сезімтал, әзілді түсінеді, көңіл-күйі тез өзгереді.

2-сі күні туғандар – аңғарымпаз, түйсігі күшті, момын, ашық-жарқын. Бірақ өзгеге тым жол беріп жібермегені жөн. 11-і күні туғандар – көреген, түйсігі мықты, өзін-өзі ұстай біледі. Бірақ кей жағдайда шыдамсыздық, қатыгездік көрсетуі мүмкін. 20-сы күні туғандар – көпшілікпен тіл табысқыш, дауысы тартымды, әншілікке бейім. 29-ы күні туғандар – арманшыл, басталған істі соңына жеткізуі шарт. Екіліктер асқазан-ішек жүйесіне байланысты сырқаттарға бейім. Мамандар оларға банан, кияр, қауын, зығыр дәні, цикорийді жиі пайдалануды ұсынады.

Үштіктер. Айдың 3-і, 12-сі, 21-і, 30-ы туғандар – «3»-тің адамдары. Сәттілікке жақын, шығармашылыққа бейім, бірақ мақтанқұмарлығы, жеңілтектігі де бар.

3-і күні туғандар – ашық мінезді, әртістікке бейім, әзілқой, бірақ өркөкірек



келеді. 12-сі күні туғандар – іскер, ұстамды, ойлы, қиындықты жеңе білетіндер. 21-і күні туғандар – жайлы өмірге құштар, талғампаз, бірақ өзгеге тым талапшыл. 30-ы күні туғандар – шығармашыл, қиялы жүйрік, түйсігі мықты жандар. Үштіктер жүйке сырқаттарына, нефритке, тері ауруларына бейім. Сондықтан оларға каражидек, спаржа, цикорий, анар, жүзім, жаңғақ, бидай пайдалы.

Төрттіктер. Айдың 4-і, 13-і, 22-сі, 31-і дүниеге келгендер – қатал, идеяға берік, бірақ екі түрлі мінезбен кездеседі: біріншілері – зиялы, тұйық, екіншілері – қызғаншақ, сөзшен.

4-і күні туғандар – ұқыпты, құпияшыл, бірбеткей келеді. 13-і күні туғандар – еңбекқор. 22-сі күні туғандар – әмбебап ойшыл, бірақ ұстамсыз жандар. 31-і күні туғандар – бастамашыл, іскер, бизнеске бейім. Төрттіктердің денсаулықтары анемияға, бел-бас ауруларына бейім. Шпинат, шалфей пайдалы.

Бестіктер. Айдың 5-і, 14-і, 23-і туғандар – еркіндікті сүйетін, бейімделгіш, жол тапқыш. Бірақ қызғаншақтық пен тұрақсыздық тән.

5-і күні туғандар – ақылды, кеңес бергіш, бірақ ұстанымын жиі өзгертеді. 14-і күні туғандар – мінезі жұғымды, түсіністікке бейім, бірақ көңіл-күйі тұрақсыз. 23-і күні туғандар – көпшілікпен тіл табысқыш, іскер жандар. Бестің адамдары жүйкесін өздері тоздырады. Демалыс пен ұйқы – ең жақсы ем. Олардың денсаулығына сөбіз, сұлы, жаңғақ пайдалы.

Алтылықтар. Айдың 6-сы, 15-і, 24-і туғандар – адал, кәсіби білікті, жауапкершілігі мол.

6-сы күні туғандар – ашық мінезді, жомарт, бірақ күмәншіл. 15-і күні туғандар – тартымды, басқаруға бейім, күш-қуаты мол. 24-і күні туғандар – отбасылық үйлесімге бейім, жеке өмірге көп көңіл бөледі. Алтылықтар тамақ, мұрын, ауыз қуысы, жүрек сырқаттарына бейім. Оларға шпинат, жалбыз, қауын, анар, інжір пайдалы.

Жетіліктер. Айдың 7-сі, 16-сы, 25-і туғандар – философ, ойшыл, эзотериялық ғылымға бейім.

7-сі күні туғандар – бірбеткей, көріпкелдікке бейім. 16-сы күні туғандар – қамқорлыққа зәру, ашуға берілгіш. 25-і күні туғандар – түйсігі дамыған, эзотериялық ілімге құштар. Жетіліктердің терісі нәзік, терлегіш. Оларға алма, жүзім, қымыздық пайдалы.

Сегіздіктер. Айдың 8-і, 17-сі, 26-сы туғандар – жомарт, білімге құштар, табанды.

8-і күні туғандар – тәртіпті, ұстамды. 17-сі күні туғандар – мейірімді, үйлесімді, сенді киінгенді ұнатады. 26-сы күні туғандар – ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Сегіздіктердің денсаулығында бауыр, өт, ішек, бас аурулары жиі кездеседі. Оларға банан, шпинат, шалфей пайдалы.

Тоғыздықтар. Айдың 9-ы, 18-і, 27-сі туғандар – идеясы көп, мақсатшыл, жомарт, кешірімшіл. Бірақ махаббаты тез тұтанып, тез сенеді.

9-ы күні туғандар – білімге құштар, әртістікке бейім. 18-і күні туғандар – еркіндіксүйгіш, өз ісіне берік. Бірақ үміті шындыққа сәйкес келе бермейді. 27-сі күні туғандар – шешімшіл, эмоцияға берілгіш, рухани ізденіске құштар. Тоғыздықтар қызу көтерілуге, қызылша сияқты жұқпалы ауруларға бейім. Ауыр тағамды азайтып, пияз, сарымсақ, зімбірді көп тұтынғаны дұрыс.

Нумерологтардың пайымынша, әрбір адамның туған күні – тек күнтізбедегі бір белгі ғана емес, өмір жолына, мінезіне, тіпті денсаулығына әсер ететін ерекше код. Әрине, бұл жорамалдар ғылымға сүйенген нақты диагноз емес. Дегенмен әркім өз «санына» ой жіберіп, пайдалы тұстарын күнделікті өмірде қолданса, артықтық етпес.

Дайындаған
А.ОРАЛБАЙ